## Журналистерді қарулы қақтығыстарда қорғаудағы халықаралық ұйымдардың рөлі

Н.Н. Қабдыл\*, Қ.Ө. Сақ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>kabdylova123@gmail.com, <sup>1</sup>kaisak64@mail.ru)

**Аңдатпа.** Халықаралық аренада қарулы қақтығыстардың қарқындылығы артып келе жатыр. Осыған байланысты, оқиға орнынан ақпарат тарататын журналистердің өміріне айтарлықтай қауіп төнеді. Бұл мақалада қарулы қақтығыс жағдайында журналистердің құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етудегі халықаралық заңдар мен ұйымдардың рөлін жан-жақты талданады. Зерттеу Женева Конвенциялары мен олардың қосымша хаттамаларын қоса алғанда, халықаралық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы мен тиімділігін зерттеуге, сондай-ақ БҰҰ мен ЮНЕСКО, Журналистерді қорғау комитеті және «Шекарасыз репортерлер» сияқты негізгі халықаралық ұйымдардың қызметін сараптауға бағытталған.

Авторлар халықаралық гуманитарлық құқықтың дамуының тарихи мәнін атап өтіп, қақтығыстардың әртүрлілігі және бұлыңғырлығымен сипатталатын соғыс қимылдарын жүргізудің қазіргі жағдайларына бейімделуіне баса назар аударады. Журналистер қақтығыс аймақтарында кездесетін мәселелер мен қиындықтарды және халықаралық ұйымдардың олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлін талдауға ерекше назар аударылады.

Сондай-ақ, мақалада халықаралық және Ұлттық қорғаныс тетіктерін күшейту бойынша ұсыныстар, сондай-ақ қақтығыс аймақтарында жұмыс істейтін журналистерге ақпараттық қамтамасыз ету мен білім беру бағдарламаларын жақсарту қажеттілігі ұсынылады.

Зерттеу жұмысының қорытынды тұжырымында авторлар қарулы қақтығыстардың үнемі өзгеріп отыратын сипаты контекстінде халықаралық нормативтік тетіктерді одан әрі дамыту және жетілдіру қажеттілігін айқындай отырып, журналистерді тиімді қорғау үшін жаһандық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Журналистің қауіпсіздігі, халықаралық гуманитарлық құқық, қарулы қақтығыстар, халықаралық ұйымдар.

## Кіріспе

Қазіргі таңда журналистиканың рөлі, әсіресе қарулы қақтығыстар жағдайында аса маңызды. Бістық нүктелерде жұмыс істейтін журналистер көбінесе өмір мен өлім арасында жүріп қана қоймай, соғысушы тараптардың қауіп-қатерін, сөз бостандығын шектеуді және олардың кәсіби құқықтарына қол сұғуды қамтитын тәуекелдерге тап болады.

ЮНЕСКО-ның мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жыл қарулы қақтығыс аймақтарында жұмыс істейтін журналистердің қаза табуы бойынша рекордтық жыл болған. БАҚ қызметкерлерін өлтіру саны алдыңғы үш жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті. Атап айтқанда, осы жылдың соңғы үш айында қақтығыс аймақтарында 27 журналист қайтыс болды. Бұл 2007 жылдан бері ең қауіпті жылдардың біріне айналды [1].

ВВС мәліметтері бойынша 1990 жылдан 2018 жылға дейін 2500-ден астам журналист қарулы қақтығыстың құрбанына айналған. БАҚ қызметкерлерінің құрбан болғандарының ең жоғары көрсеткіші 2006 жылы 155 өлімді құрады. Ал 2017 жылы бұл көрсеткіш 82 еді. Халықаралық журналистер федерациясының мәліметінше, 2018 жылы қызметтік борышын өтеу кезінде 32 бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкері қаза тапқан [2].

Халықаралық журналистер федерациясының мәліметі бойынша, 2023 жылы әлемде 94 журналист пен БАҚ қызметкері қаза тапты, олардың 68-і Газа секторындағы қарулы қақтығыс кезінде көз жұмған. 393 журналист әртүрлі елдерде қамауда отыр. Тұтқындалған журналистердің көпшілігі Қытайда — 80 адам, одан кейін Мьянма (54), Түркия (41), Ресей (40) және Беларусь (35). Федерация басшысы Доминик Прадальенің айтуынша, дүние жүзіндегі журналистердің өлімінің 72%-ы Израиль мен ХАМАС арасындағы соғыстың құрбандары. Ол сондай-ақ журналистерді қорғауда халықаралық құқық бойынша жаңа жаһандық стандарт әзірлеу керектігін атап өтті [3].

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссары Фолькер Тюрктің айтуынша, 2023 жылы әлемде кем дегенде 46 журналист қаза тапқан. Бұл қылмыстардың көпшілігі әдейі жасалған болуы мүмкін. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша журналистерге қарсы қылмыстардың 86%-ы жазасыз қалады [4].

Шо Малколмның айтуынша, халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы конфликтілерді және ынтымақтастық сипатындағы қарым-қатынастарды реттейтін, мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету үшін жасалған, мемлекеттегі билеуші таптың еркін білдіретін және қажет кезінде мемлекеттердің жеке немесе ұжымдық түрде мәжбүрлеу шарасы арқылы қорғалатын нормалар жиынтығы [5]. Соңғы жылдары журналистердің құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауға бағытталған халықаралық заңдар мен ұйымдардың өзектілігі күмән тудырмайды. Олардың баспасөз бостандығын қолдаудағы және журналистерді қудалаудан қорғаудағы рөлі мен үлесі зерттеушілердің, құқық қорғаушылардың және медиа мамандардың ерекше қызығушылығына айналады.

Мақаланың мақсаты - қарулы қақтығыстар жағдайында жұмыс істейтін журналистерді қорғауға бағытталған халықаралық заңдар мен ұйымдардың рөлін

талдау. Біз осы тақырыпты қамтитын негізгі заңдар мен конвенцияларды, сондай-ақ негізгі халықаралық ұйымдардың іс-әрекеттерін, олардың жетістіктері мен қойылған міндеттерді іске асырудағы қиындықтарды қарастырамыз.

Соңғы онжылдықтардағы қарулы қақтығыстар миллиондаған бейбіт тұрғындардың өмірін қиды. Көптеген қарулы қақтығыстарда халықаралық гуманитарлық құқық (ХГҚ) пен адам құқықтарының өрескел бұзылуы жиі кездеседі. Белгілі бір жағдайларда бұл заң бұзушылықтардың кейбірі тіпті геноцид, соғыс қылмыстары немесе адамзатқа қарсы қылмыстар болуы мүмкін [4].

Соғыс кезіндегі журналистердің құқықтарын және осы қорғаудың шектеулерін түсіну өте маңызды. Бұл ұлттық заңнамада танылған құқықтар мен бостандықтарға да қатысты. Соғыс пен қақтығыстар өткен жерде заңды түрде рұқсат етілген және не рұқсат етілмейтін әрекеттер туралы нақты түсінік береді. Халықаралық гуманитарлық құқық нормалары жау тұтқындаған кезде әскери объектіге тікелей жақын орналасқан бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкеріне арнайы кепілдік және оны тұтқындау жағдайында қорғауға мүмкіндік бермейді. Дея мен Мартыненко бұл нормаларды нақтылап, ал әскери нысанның жанында ұсталған журналистке әскери тұтқын мәртебесі берілуі керек деп есептейді [6]. Көптеген журналистер соғыс аймағында тұтқындалған жағдайда не істеу керектігін білмеуі мүмкін немесе олар бейбіт тұрғындарға қарағанда ерекше қорғалатынына сенуі мүмкін. Осы салада жұмыс істейтін әрбір журналист үшін өз құқықтарын түсіну өте маңызды.

Қарулы қақтығыстар жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету - халықаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыты [7]. БАҚ-тың барлық қызметкерлері еркін өмір сүруге, жеке бас бостандығына қол сұғылмауына, әділ сотқа, заң алдындағы теңдікке құқығы бар. Осы құқықтардың кез келгенін бұзатын әрекеттер және журналистерге жасалған шабуылдар адам құқықтарын бұзумен тең. Олардың кейбіреулері, соның ішінде кісі өлтіру, азаптау және қатыгездік, адамгершілікке жатпайтын немесе арнамысты қорлайтын әрекеттер халықаралық қылмыстар қатарына жатқызылады, бұл мемлекеттік жауапкершілікті де, кінәлілердің жеке қылмыстық жауапкершілігін де арттырады [8].

Қорытындылай келе, қақтығыс аймақтарында Журналистерді қорғау жеке адамдардың өмірін сақтау мәселесі ғана емес, сонымен бірге сөз бостандығы, демократия және қоғамның ақпарат алу құқығы қағидаттарын сақтау мәселесі екенін атап өткен жөн.

Зерттеу әдістері. Әскери қақтығыстар аймақтарындағы журналистердің қауіпсіздігі Біріккен Ұлттар Ұйымының ерекше назарында. Бас Ассамблея барлық жерде 225 жанжалдасушы тараптарды журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға шақырады. 2013 жылы өзінің 68-ші сессиясында БҰҰ Бас Ассамблеясы 68/163 қарарын қабылдады. Бұл қарар бойынша 2 қарашаны журналистерге қарсы қылмыстары үшін халықаралық жазасыздықты тоқтату күні деп жариялады. Қарар мүше мемлекеттерді жазасыздыққа қарсы нақты шаралар қабылдауға шақырады [9].



Женева конвенцияларының 2-бабында былай делінген: «Бейбіт уақытта күшіне енетін ережелерден басқа, осы Конвенция екі немесе одан да көп Жоғары Уағдаласушы Тараптардың арасында жарияланған соғыс немесе кез келген басқа қарулы қақтығыс жағдайында (мысалы, егер олардың біреуі соғыс жағдайын мойындамаса) қолданылады. Конвенция сондай-ақ Жоғары Уағдаласушы Тарап аумағын толығымен немесе оның бір бөлігін басып алудың барлық жағдайларында, тіпті егер бұл басып алу қарулы қарсылық көрсетпесе де қолданылады». Женева конвенцияларының I хаттамасы жалпы 2-бапта қамтылған жағдайларды кеңейтеді, бұл хаттама қолданылатын жағдайларға «халықтың отаршылдық үстемдік пен шетелдік оккупацияға қарсы және нәсілшілдік режимдерге қарсы күресетін қарулы қақтығыстарды қамтиды» (1-бап, 4-тармақ) [10].

ХГҚ халықаралық емес қарулы қақтығыстарға қатысты екі түрлі құқықтық негізді анықтайды. Бір жағынан, Женева конвенцияларының жалпы 3-бабында «халықаралық сипатта емес қарулы қақтығыс болған жағдайда» кем дегенде ХГҚ-тың бірқатар ережелері қолданылуы керек деп көрсетілген. Конвенциялар «халықаралық емес қарулы қақтығыс» терминінің нені білдіретінін анықтамайды, бірақ қазіргі уақытта бұл термин мемлекеттің қарулы күштері мен үкіметтік емес қарулы топтар арасындағы немесе мемлекеттік емес қарулы топтар арасындағы қарулы қақтығыстарды білдіретіні кеңінен қабылданған. Женева конвенцияларының II хаттамасында оның ережелері «Жоғары Уағдаласушы Тараптың аумағында оның қарулы күштері немесе жауапты қолбасшылықпен оның аумағының бір бөлігіне осындай бақылауды жүзеге асыратын басқа ұйымдасқан қарулы топтар арасында болып жатқан қарулы қақтығыстарға, оларға үздіксіз және келісілген ұрыс қимылдарын жүргізуге және осы Хаттаманы қолдануға мүмкіндік береді» (1-бап).

Сонымен бірге, Халықаралық Қызыл Крест комитеті (ХҚКК) халықаралық емес қарулы қақтығыстарға ХГҚ-ны қолданудың төменгі шегін анықтау үшін зорлық-зомбылық қарқындылығы мен мемлекеттік емес құрылымдарды ұйымдастырудың келесі екі критерийін ұсынады:

Біріншіден, әскери әрекеттер ең төменгі қарқындылық деңгейіне жетуі керек. Бұл, соғыс қимылдары ұжымдық сипатқа ие болғанда немесе үкімет көтерілісшілерге қарсы құқық қорғау органдарының күшін ғана емес, әскери күш қолдануға мәжбүр болғанда болуы мүмкін.

Екіншіден, қақтығысқа қатысқан үкіметтік емес топтарды «жанжалға қатысушы тараптар» деп санау керек, бұл олардың әскери күштерін ұйымдастырғанын білдіреді. Мысалы, бұл күштердің белгілі бір командалық құрылымы болуы керек және үздіксіз әскери қимылдарды жүргізуге қабілетті болуы керек дегенді білдіреді.

Аталған шаралардың барлығы қарулы қақтығыс аймағындағы журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болып көрінеді. Оларға қосымша кепілдіктер қажет. Петренко, Подольская, Невтрилолардың пікірінше, халықаралық және аймақтық актілердің мәтіндеріне «журналист» ұғымын енгізіп, заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет [9].

Бұл ұсынысқа ХҚКК заң кеңесшісі Робин Гайс қарсы, ол қарулы қақтығыстар жағдайында журналистер жан-жақты қорғалып жатыр деп есептейді. Гайстың

айтуынша, журналистер бірінші кезекте Женева конвенциясымен қорғалады [11]. Мұнда «бейбіт тұрғын» тіркесін «журналист» сөзімен қауіпсіз ауыстыруға болады, ал халықаралық емес қақтығыс жағдайында журналисті қорғау халықаралық құқықтың әдеттегі нормаларына сәйкес реттеледі.

Женева конвенциясы бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көргеніміздей, әскерлердің соңынан ерген (көбінесе формада) дәстүрлі соғыс репортерлерін қорғауды ұсынды. Бірақ бұл конвенцияның қорғау күші соғыстың жаңа түрлерінде мардымсыз болды. «Терроризмге қарсы жаһандық соғыс» деп аталатын соғыс 2001 жылы Ауғанстандағы соғыстан басталып, 11 қыркүйектегі шабуылдарға және 2003 жылы Иракты оккупациялауға, 2011 жылы Ливияға басып кіруге және ДАИШ-ке қарсы жалғасып жатқан соғысқа жауап ретінде жалғасты. Осы интервенциялардан кейін жаңа «сәтсіз мемлекеттерді» құру қаупі бар. Қауіптер мен тәуекелдерді пайдалану – журналистиканың негізі.

Талқылау. Қазіргі уақытта халықаралық және халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстар кезеңінде журналистерге және бұқаралық ақпарат құралдарының басқа өкілдеріне қатысты шабуылдар мен қауіптер саны артып келеді. Хассон атап өткендей, халықаралық гуманитарлық құқықтың қолданыстағы принциптері мен нормалары журналистерді сенімді қорғауды қамтамасыз етпейді [12].

Қарулы қақтығыстар аймақтарында Журналистерді қорғау контекстіндегі халықаралық заңдар мен ұйымдардың рөлін зерттей отырып, ең алдымен тиісті нормативтік актілердің пайда болуының тарихына назар аудару қажет. XX ғасырдан бастап, бірқатар жаһандық қақтығыстардан кейін халықаралық қауымдастық бейбіт тұрғындарды, оның ішінде журналистерді қорғау қажеттілігін белсенді түрде мойындады. Бұл тұрғыда 1949 жылғы Женева конвенциясы және оның қосымша хаттамалары қауіпсіздіктің негізгі принциптерін белгілейтін іргелі құжат қолданысқа енді.

Қазіргі халықаралық заңдар мен конвенциялар осы принциптерді дамытуды және нақтылауды жалғастырып жатыр. Мысалы, БҰҰ мен ЮНЕСКО журналистерді қорғау стандарттарын құру және жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Бұл бағытта БҰҰ-ның 1738 қарары ерекше көзге түседі, ол журналистерге жасалған шабуылдардың кез-келген түрін айыптайды және оларды қорғаудың ажырамас құқығын көрсетеді.

Хассонның айтуынша, журналистердің құқықтарын халықаралық құқық негізінде нығайтуға кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі - қарулы қақтығыстар кезінде оларға қарсы жасалған қылмысқа ешбір жазаның қолданылмауы [12].

Журналистерді қорғау комитеті және Шекарасыз репортерлар сияқты халықаралық ұйымдар журналистердің құқықтарын бұзу жағдайын бақылау процесінде маңызды рөл атқарады. Олар ауқымды зерттеулер жүргізіп, тәуекелге ұшыраған журналистерге қолдау көрсетеді және халықаралық аренада баспасөз бостандығы мүдделерін белсенді түрде қорғайды.

Дегенмен, халықаралық заңдар болса да, журналистердің алдында тұрған бірқатар мәселелер мен қиындықтар әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Бұл осы заңдардың ұлттық деңгейде тиімсіз жүзеге асырылуына, белгілі бір елдердің билігінде саяси ерік-жігердің болмауына, сондай-ақ соғысушы тараптардың халықаралық міндеттемелерін елемейіне байланысты.

Қарулы қақтығыстар аймақтарында журналистерді қорғауға арналған халықаралық заңдар мен ұйымдарды талдауда халықаралық құқық пен дипломатияның көптеген аспектілеріне созылатын осы мәселенің жан-жақты сипатын атап өткен жөн.

Ең алдымен, қарулы қақтығыстар жағдайында әрекет ететін журналистер көбінесе адам құқықтарының бұзылуына, әскери қылмыстарға және басқа да ауыр қылмыстарға куә болатынын түсіну керек. Журналистердің қызметі құқық бұзушылық фактілерін ашып қана қоймай, оларды қауіп-қатерге душар етеді, өйткені билік немесе қақтығысушы тараптар оларды қауіп ретінде қарастыруы мүмкін.

Екінші жағынан, Женева конвенциялары және олардың қосымша хаттамалары сияқты халықаралық заңдар мен конвенциялар, сондай-ақ БҰҰ-ның көптеген қарарлары Журналистерді қорғау үшін белгілі бір кепілдіктер береді. Алайда, бұл қорғаныс механизмдерінің тиімділігі көбінесе олардың танылуына және ұлттық деңгейде жүзеге асырылуына байланысты.

Бугаева қарулы қақтығыс жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкері өзінің қорғау құқығы шектелуі мүмкін екенін ескерту қажет деп есептейді [13]. Журналист нақты қорғауды да, қорғауды қамтамасыз ету құқығын да жоғалтпас үшін соғысушы тараптар барлық қажетті жағдайды жасауы керек.

Көптеген халықаралық ұйымдар қақтығыс аймақтарындағы Журналистерді қорғау міндетінің күрделілігін мойындай отырып, бұл мәселеге ерекше назар аударады. Мысалы, ЮНЕСКО журналистердің қауіпсіздігі және оларға қарсы зорлық-зомбылық қаупі туралы есептерді үнемі жариялап отырады, бұл мәселені жеңілдетуге және оны шешудің жолдарын ұсынуға тырысады.

Дегенмен, қолданыстағы қорғаныс механизмдерін одан әрі жетілдіру қажет. Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстар көбінесе гибриді сипатқа ие, мұнда дәстүрлі майдан сызықтары мен қатысушылар аз анықталады. Бұл тұрғыда журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа тәсілдер мен стратегиялар қажет.

Жанжал жағдайында журналистерді тиімді қорғау үшін халықаралық ұйымдар мемлекеттердің халықаралық міндеттемелердің орындалуын қатаң бақылауды қамтамасыз етуі, дипломатиялық күш-жігерді жандандыруы және журналистердің қауіпсіздіктері мен құқықтарының қорғалуына ден қоюдың жаңа тетіктерін құруы тиіс.

Соңғы 20 жылда мемлекеттер, көтерілісшілер, саясаткерлер, дипломаттар, белсенділер, демонстранттар мен журналистер қарулы қақтығыстарда халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтарына жүгінді. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының


Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларында, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің талқылауларында, оппозициялық қозғалыстың саяси брошюраларында, үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) есептерінде, сарбаздарды оқыту және дипломатиялық пікірталастарда үнемі айтылады. Халықаралық адам құқықтары және халықаралық гуманитарлық құқық қазір жердегі заңгерлер кеңес беретін көптеген әскери басшылар үшін маңызды заңнамалар. Ақырында, оларға халықаралық және әлі шектеулі дәрежеде ұлттық трибуналдардағы қорғаушылар мен прокурорлар жиі сілтеме жасайды және дәлелді үкімдерге негіз болады.

ХҚКК журналистер мен басқа да баспасөз өкілдеріне қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерінің көбеюіне үнемі алаңдаулы. Бұл мәселе соңғы кездегі қақтығыстарда әсіресе өткір болды. Баспасөз өкілдерінің халықаралық гуманитарлық құқықты бұза отырып, тікелей шабуыл жасау қаупі артып отырғаны белгілі болды.

Соғыс аймақтарында жұмыс істейтін журналистер мен басқа да баспасөз өкілдері көптеген қауіптерге тап болады. Жұмысының сипатына байланысты олар еріксіз қауіп-қатерге ұшырайды: олар соғыс аймағынан қашудың орнына, сол жаққа барады. Дегенмен, оларды күтіп тұрған ең ауыр қауіптердің бірі – оларға қарсы қасақана жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері.

Бір қарағанда, Женева конвенциялары мен олардың Қосымша хаттамаларында баспасөз өкілдеріне екі бөлек сілтеме бар екенін ескере отырып, халықаралық гуманитарлық құқық журналистерді аз қорғайтындай әсер қалдыруы мүмкін (III Женева конвенциясының 4А(4) бабы және I Қосымша хаттаманың 79-бабы). Алайда, халықаралық гуманитарлық құқықтың басқа нормаларымен бірге осы ережелерді қайта оқып шықса, қолданыстағы заң нормаларына сәйкес журналистерді қорғау жан-жақты екені белгілі болады. Ең бастысы, I Қосымша хаттаманың 79-бабында халықаралық қарулы қақтығыстар кезінде журналистердің азаматтық тұлғалармен бірдей құқықтары мен қорғалу дәрежесі бар екендігі бекітілген. Қорғау халықаралық әдет-ғұрып құқығымен реттелетін халықаралық емес қарулы қақтығыстар жағдайлары үшін де солай деуге болады (Халықаралық гуманитарлық құқық бойынша ХҚКК зерттеуінің 34 нормасы).

Осылайша, халықаралық гуманитарлық құқық бойынша журналистерге берілетін қорғаудың толық бейнесін алу үшін Женева конвенциялары мен олардың қосымша хаттамаларындағы «азаматтық» сөзін «журналист» деген сөзбен ауыстыру жеткілікті. Яғни, журналистер мен азаматтық тұлғаларға берілетін негізгі кепілдіктер бірдей (1-суретке сәйкес). Алайда, өзара алмастыруға мүмкіншіліктің журналистерді қорғауда қаншалықты тиімді екендігі жөнінде пікірталас өте көп.



Сурет 1. Азаматтық тұлғаларға және журналистерге берілетін негізгі кепілдіктер  
Ескерту: мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған [4].

Журналистер мен басқа да баспасөз өкілдері қауіпсіздік мақсатында заңсыз қамауға алыну қаупі жоғары. Дәл осы салада «соғыс тілшілері» (III Женева конвенциясының 4А(4) бабы) мен «журналистер» арасындағы айырмашылық маңызды (I Қосымша хаттаманың 79-бабы). Бұл екеуі де, басқалары да бейбіт тұрғындар санатына жатады, бірақ соғыс тұтқыны мәртебесін тек соғыс тілшілері ала алады. Соғыс тілшілері ресми түрде қарулы күштерді алып жүруге құқылы. Осының арқасында тұтқынға түскен кезде олар қарулы күштердің мүшелерімен бірдей құқықтық мәртебе алады. Осы себепті соғыс тілшілері I Қосымша хаттамада және халықаралық гуманитарлық құқықта көзделген Женева III конвенциясының қорғауын пайдаланады [14].

«Әскери бөлімге тағайындалған журналист» деген ұғым қазіргі заманға сай. Ол алғаш рет 2003 жылы Иракқа басып кіру кезінде пайда болды және содан бері бүкіл әлемге тарады. Бұл ұғым халықаралық гуманитарлық құқықтың ешбір ережесінде кездеспейді және менің білуімше, нақты анықталмаған. Дегенмен, соғыс тілшілерін әдетте «әскери бөлімге бекітілген журналистер» деп атайтынын айтуға болады. Халықаралық гуманитарлық құқық мағынасында соғыс тілшісі болу үшін қарулы күштерде ресми аккредитация қажет. Осылайша, әскери бөлімге тағайындалған журналист ресми аккредитациядан өткен болса, заң тұрғысынан ол соғыс тілшісі болады [15].

Қорытындылай келе, қарулы қақтығыстар жағдайында журналистерді қорғауды күшейту үшін адам құқықтары мәселелері бойынша дипломатиялық күш-жігерді күшейту, халықаралық миссиялар мандатын кеңейту, журналистерге мақсатты оқыту жүргізу және медиа ұйымдарды өз корреспонденттерін қорғау тетіктерін құруға және іске асыруға ынталандыру ұсынылады.

Нәтиже. Қарулы қақтығыс аймақтарындағы журналистерді қорғау мәселесін зерттеу көптеген аспектілерді қамтиды. Олардың арасында технологиялық өзгерістер ерекше орын алады. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық жүйелер журналистік қызметті түрлендіріп, мамандарға ақпаратты жинау, талдау және таратудың жаңа құралдарын ұсынды. Алайда, дәл осы технологиялар журналистерге қауіп төндіруі мүмкін, өйткені олардың әрекеттерін жанжал тараптары жіті бақылап отырады.

Тағы бір маңызды аспект - жергілікті журналистер мен шетелдік корреспонденттерге деген көзқарастың айырмашылығы. Көбінесе жергілікті журналистер шетелдіктермен салыстырғанда жоғары тәуекелге ұшырайды, өйткені олар өз мемлекеттері мен халықаралық ұйымдарды қорғауға сенеді, ал жергілікті тілшілер мұндай қолдаудан шет қалуы мүмкін қалады.

Сонымен қатар, жанжал жағдайында жұмыс істеу үшін журналистерді күшейтілген даярлау қажеттілігі туралы түсінік артып келеді. Заманауи оқыту бағдарламалары қауіпсіздік туралы білімді ғана емес, сонымен қатар медициналық көмек негіздерін, психологиялық тұрақтылықты және төтенше жағдайларда әрекет ету этикасын үйретуі керек.

Осылайша, қарулы қақтығыстар аймақтарында Журналистерді қорғау мәселесі жан-жақты болып табылады және мамандықтың құқықтық, саяси және практикалық аспектілерін ескеретін кешенді тәсілді қажет етеді.

Зерттеуді ескере отырып, әлемнің әртүрлі аймақтарында журналистерді қабылдау және олардың рөлі түбегейлі өзгеруі мүмкін екенін ескеру қажет. Кейбір мәдениеттерде оларды шетелдік үгіт-насихат тасымалдаушылары немесе тіпті жау ретінде қарастырады, бұл іс-қимыл аймақтарының мәдени және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін түсінуді ерекше өзекті етеді. Цифрлық дәуірде дәстүрлі журналистиканың рөлі өзгерді, өйткені блогерлер, қоғам белсенділері және тіпті қарапайым азаматтар әлеуметтік желілер арқылы қақтығыс аймақтарынан ақпарат көзі бола алады. Бұл кәсіби журналистерге берілген қорғауды кім қолдануы керек екенін анықтау үшін қосымша қиындықтар туғызады.

Журналистердің қақтығыс аймақтарындағы бітімгершілік миссияларымен өзара әрекеттесуі де маңызды аспект болып табылады. Осы миссиялармен, әсіресе БҰҰ-ның бітімгершілік миссиялары сияқты ынтымақтастық алдыңғы қатардағы журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қосымша механизмі бола алады. Журналистердің құқықтарын бұзумен байланысты оқиғаларға ден қоюдан басқа, алдын алу шараларына баса назар аудару керек. Бұған оқыту, аймақтардағы жағдайды бақылау және ықтимал бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған дипломатиялық қызмет кіреді. Мұндай кешенді тәсіл Журналистерді қорғау мәселесінің жан-жақтылығын және осы мәселені пәнаралық шешу қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды. Кәсіби міндеті қарулы қақтығыс болып табылатын журналистер ХГҚ нормаларында қарулы қақтығыс аумағында болған азаматтық тұлғалар ретінде қарастырылады.

Соғысушы жақтың қолына түскен басқа баспасөз өкілдерінің қорғанысы да азаматтық деңгейде қамтылған. Біріншіден, егер олар ұсталған елдің азаматтары болмаса, олар IV Женева конвенциясында көзделген қорғауды пайдалана алады. Сонымен қатар, кез келген жағдайда журналистер мен басқа да баспасөз өкілдері I Қосымша хаттаманың 75-бабында жазылған, атап айтқанда, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін зорлық-зомбылық әрекеттеріне тыйым салатын ең болмағанда негізгі кепілдіктерді пайдаланады. Сонымен қатар, ол жазаланатын қылмыстары үшін қамауға алынғандарға әділ сот ісін жүргізуге кепілдік береді. Тұтқындалған баспасөз өкілдері халықаралық немесе халықаралық емес қарулы қақтығысқа байланысты ұсталғанына қарамастан бірдей негізгі кепілдіктерді пайдаланады. Бейбіт тұрғындар ретінде халықаралық емес қарулы қақтығыстағы журналистер 3-баптың барлық Женева конвенцияларына, I Қосымша хаттамаға және әдеттегі халықаралық құқыққа ортақ қорғауды пайдаланады.

ХГҚ-ның ең басты кемшілігі мен шектеуі – ол қарулы қақтығыс ауқымын қабылдамайтын ұжымдық зорлық-зомбылық нәтижесінде жағдайдың шиеленісуінің барлық жағдайларында халықаралық құқық қолданылмайды. Үстемдік ішкі заңнамамен ғана шектеледі. Ол халықаралық міндеттемелер мен халықаралық адам құқықтары құқығының нормалары аясында қолданылуы тиіс (атап айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 19-бабы; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 19-бабы; Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция, 10-бап) [16].

Осылайша, халықаралық құқық журналистерге кейбір ерекше белгілері бар халықаралық немесе халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыс жағдайында бейбіт тұрғындарға берілетін қорғау режимін ұсынады. Журналистердің бүгінгі қақтығыстардағы қауіп-қатерлерін ескере отырып, кейбіреулер бұл қорғаныстарды оларды нақтырақ және бейімдеу арқылы күшейту керек десе, ал басқалары қолданыстағы қорғаныстар дұрыс қолданылған жағдайда жеткілікті деп санайды. Ең жақсы нұсқа қандай болса да, жергілікті қақтығыс болған жерлерде журналистерді қорғауға қатысты заң нормаларының орындалуы көп жағдайда тиімсіз болғаны даусыз, мұны журналистерге, сондай-ақ басқа да бейбіт тұрғындарға жасалған шабуылдар көрсетеді.

Авторлардың қосқан үлесі. Нұрбибі Қабдыл – тұжырымдаманы құру, зерттеу жүргізу. әдебиетпен жұмыс, зерттеу нәтижелерін талдау және синтездеу. Қайрат Сақ – зерттеу нәтижелерін талдау және синтездеу және қолжазба мәтінімен жұмыс.

### Әдебиеттер тізімі

1. Факт-чекинг: действительно ли на журналистов нападают все чаще? // BBC [Электрондық нұсқа]. URL: <https://www.bbc.com/russian/features-43986891> (дата обращения: 12.09.2023).
2. 2023 год: тревожный рост числа журналистов, убитых в зонах конфликтов // UN [Электронный ресурс]. URL: <https://news.un.org/ru/story/2023/12/1447932> (дата обращения: 13.09.2023).
3. 2023 жылы тоқсан төрт журналист қаза тапты, деп хабарлайды ХЖФ // Халықаралық журналистер федерациясы, 2023 ж. [Электрондық нұсқа]. URL: <https://www.ifj.org/media-centre/news/detail/category/press-releases/article/ninety-four-journalists-killed-in-2023-says-ifj> (қаралған күні: 25.10.2023).
4. Журналистер шабуылдардан жақсы қорғалуы керек, 2023 ж. [Электрондық нұсқа]. URL: <https://www.ohchr.org/en/statements/2023/11/journalists-must-be-better-protected-attacks-turk-declares> (қаралған күні: 26.10.2023).
5. Шо Малколм Н. Халықаралық құқық. 1-кітап. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2017. – 115 б.
6. Дея Х.Х., Мартыненко Е. В. Халықаралық гуманитарлық құқықтағы журналистерді қорғаудың құралдары мен әдістері // LegalConcept. – 2017. – Т. 16. – №. 1. – 172-180 б.
7. Прошин В.А. Қарулы қақтығыстар жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін Халықаралық қорғаудың құқықтық негізі // Әскери істің гуманитарлық мәселелері. – 2019. – №. 4. – 21-24 б.
8. План действий ООН по обеспечению безопасности журналистов и проблеме безнаказанности [Электрондық нұсқа] URL: [http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTI-MEDIA/HQ/CI/CI/pdf/official\\_documents/UN-Plan-on-Safety-Journalists\\_EN\\_UN-Logo.pdf](http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTI-MEDIA/HQ/CI/CI/pdf/official_documents/UN-Plan-on-Safety-Journalists_EN_UN-Logo.pdf) (дата обращения: 10.11.2023).
9. Петренко Е.Г., Подольская М.А., Невтрило В. А. Қарулы қақтығыс аймағындағы журналистердің құқықтық мәртебесі // Жаңа ғылым: тәжірибе, дәстүр, инновация. – 2017. – № 1-3. – 224-227 б.

10. Соғыс кезінде бейбіт тұрғындарды қорғау туралы 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциясы. [Электрондық нұсқа]. URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/geneva\\_civilian\\_1.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/geneva_civilian_1.shtml) (қаралған күні: 14.11.2023).
11. ХҚКК ресми сайты. [Электрондық нұсқа]. URL: <https://www.icrc.org/ru/doc/resources/documents/interview/protection-journalistsinterview-270710.htm> (қаралған күні: 20.11.2023).
12. Хассон Х.Д. Международно-правовая проблема защиты журналистов в условиях вооруженных конфликтов. - Москва, 2018.
13. Бугаева П.Н. Защита прав журналистов в условиях вооруженных конфликтов // Вопросы юстиции России. – 2020. – №. 7. – С. 521-526.
14. 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына Халықаралық қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғауға қатысты қосымша хаттама (I және II Хаттама), 8 маусым 1977 ж. [Электрондық нұсқа]. URL: [www.globalmediajournal.com](http://www.globalmediajournal.com) (қаралған күні: 04.12.2023).
15. Женевская конвенция о защите гражданского населения во время войны от 12 августа 1949 года // Международное гуманитарное право в документах / Ю. М. Колосов, И. И. Котляров. – М.: Издательство министерства международного права, 1996. – С. 266-333.
16. Основные международные договоры по правам человека. Нью-Йорк и Женева, 2006. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.ohchr.org/sites/default/files/Documents/Publications/CoreTreatiesru.pdf> (дата обращения: 10.12.2023).

## References

1. Fakt-checking: dejstvitel'no li na zhurnalistov napadayut vse chashche? [Fact-checking: Are journalists really being attacked more often?] [Electronic resource]. Available at: <https://www.bbc.com/russian/features-43986891> (Accessed: 12.09.2023). [in Russian]
2. 2023 god: trevozhnyj rost chisla zhurnalistov, ubitykh v zonakh konfliktov [2023: The number of journalists killed in conflict zones], 2023 [Electronic resource]. Available at: <https://news.un.org/ru/story/2023/12/1447932> (Accessed: 13.09.2023). [in Russian]
3. Ninety-four journalists killed in 2023, says IFJ // IFJ, 2023 [Electronic resource]. Available at: <https://www.ifj.org/media-centre/news/detail/category/press-releases/article/ninety-four-journalists-killed-in-2023-says-ifj> (Accessed: 15.10.2023).
4. UN. «Journalists must be better protected from attacks, Türk declares. International Day to End Impunity for Crimes against Journalists1» 2023. [Electronic resource]. Available at: <https://www.ohchr.org/en/statements/2023/11/journalists-must-be-better-protected-attacks-turk-declares> (Accessed: 26.10.2023).
5. Shaw Malcolm N. International Law. Book 1 (National Translation Bureau, Almaty, 2017, 115 p.).
6. Deya H. H., Martynenko E. V. means and methods of protecting journalists in international humanitarian law, LegalConcept, 1 (16), 172-180 (2017).
7. Proshin V. A. The legal basis for the international protection of media workers in the context of armed conflicts // Humanitarian problems of the military case. – 2019. – №. 4. – pp. 21-24.
8. Plan dejstvij OON po obespecheniyu bezopasnosti zhurnalistov i probleme beznakazannosti [The plan of action on ensuring the security of journalists and the problem of security] [Electronic resource]. Available at: <http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTIMEDIA/HQ/CI/CI/pdf/>



official\_documents/UN-Plan-on-Safety-Journalists\_EN\_UN-Logo.pdf (Accessed: 10.11.2023). [in Russian]

9. Petrenko E.G., Podolskaya M.A., Nevtrilo V. . The legal status of journalists in the zone of Armed Conflict //New Science: Experience, Tradition, Innovation. – 2017. – №. 1-3. – pp. 224-227.

10. Geneva Convention of August 12, 1949 on the protection of civilians during war. [Electronic resource]. Available at: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/geneva\\_civilian\\_1.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/geneva_civilian_1.shtml) (Accessed: 14.11.2023).

11. Official website of the ICRC. [Electronic resource]. Available at: <https://www.icrc.org/ru/doc/resources/documents/interview/protection-journalistsinterview-270710.htm> (Accessed: 20.11.2023).

12. Hasson H.D. The international legal problem of protecting journalists in the context of armed conflicts //Moscow. – 2018.

13. Bugaeva P.N. Protection of the rights of journalists in the context of armed conflicts //Problems of Justice of Russia. – 2020. – №. 7. – pp. 521-526.

14. Additional protocol to the Geneva Conventions of August 12, 1949 on the protection of victims of international armed conflicts (protocols I and II), June 8, 1977 [electronic resource]. Available at: [www.globalmediajournal.com](http://www.globalmediajournal.com) (Accessed: 04.12.2023).

15. Zhenevskaya konventsiya o zashchite grazhdanskogo naseleniya vo vremya voyny ot 12 avgusta 1949 goda [Geneva Convention on the Protection of Civil Population During War of August 12, 1949]. Kolosov Yu.M., Kotlyarov I.I., eds. Mezhdunarodnoe gumanitarnoe pravo v dokumentakh [International Humanitarian Law in Documents]. Moscow, Izd-vo MNI mezhdunarodnogo prava, 1996, pp. 266-333.

16. Osnovnye mezhdunarodnye dogovory po pravam cheloveka [Main international agreements on the rights of people]. New York and Geneva, 2006. [electronic resource]. Available at: <https://www.ohchr.org/sites/default/files/Documents/Publications/CoreTreatiesru.pdf> (Accessed: 15.10.2023). [in Russian]

**Н.Н. Кабдыл, К.О. Сак**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Роль международных организаций в защите журналистов во время вооруженных конфликтов**

**Аннотация.** Интенсивность вооруженных конфликтов на международной арене растет. В связи с этим жизнь журналистов, распространяющих информацию с места происшествия, подвергается серьезной опасности. В данной статье всесторонне проанализирована роль международных законов и организаций в обеспечении защиты прав и безопасности журналистов в условиях вооруженного конфликта. Исследование направлено на изучение применения и эффективности международных нормативных актов, включая Женевские конвенции и их дополнительные протоколы, а также на анализ деятельности основных международных организаций, таких как ООН и ЮНЕСКО, комитет по защите журналистов и Репортеры без границ.

Авторы подчеркивают историческую сущность развития международного гуманитарного права и подчеркивают адаптацию к современным условиям ведения военных действий, характеризующимся разнообразием и размытостью конфликтов. Особое внимание уделяется анализу проблем и трудностей, с которыми сталкиваются журналисты в зонах конфликта, и роли международных организаций в защите их прав и свобод.

В статье также представлены рекомендации по усилению механизмов международной и национальной обороны, а также необходимость улучшения информационного обеспечения и образовательных программ для журналистов, работающих в зонах конфликтов.

В заключении исследовательской работы авторы подчеркивают важность глобального сотрудничества для эффективной защиты журналистов, определяя необходимость дальнейшего развития и совершенствования международных нормативных механизмов в контексте постоянно меняющегося характера вооруженных конфликтов.

**Ключевые слова:** безопасность журналиста, международное гуманитарное право, вооруженные конфликты, международные организации.

**N.N. Kabyly, K.O. Sak**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **The role of international laws and organizations aimed at protecting journalists in armed conflicts**

**Abstract.** The intensity of armed conflicts on the international stage is increasing, posing significant risks to the lives of journalists disseminating information from conflict zones. This article provides a comprehensive analysis of the role of international laws and organizations in ensuring the protection of rights and safety of journalists in armed conflict situations. The study focuses on examining the application and effectiveness of international legal acts, including the Geneva Conventions and their Additional Protocols, as well as analyzing the activities of major international organizations such as the UN and UNESCO, the Committee to Protect Journalists, and Reporters Without Borders.

The authors highlight the historical essence of the development of international humanitarian law and emphasize its adaptation to modern conditions of warfare, characterized by diversity and ambiguity in conflicts. Special attention is given to the analysis of problems and challenges faced by journalists in conflict zones, and the role of international organizations in protecting their rights and freedoms.

The article also presents recommendations for strengthening international and national defense mechanisms, as well as the need to improve informational support and educational programs for journalists working in conflict zones.

In the conclusion of the research, the authors underscore the importance of global collaboration for the effective protection of journalists, identifying the necessity for further development and refinement of international regulatory mechanisms in the context of the constantly changing nature of armed conflicts.

**Keywords:** journalist's safety, international humanitarian law, armed conflicts, international organizations.

**Авторлар туралы ақпарат:**

**Қабдыл Н.Н.** – журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Сақ Қ.Ө.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, журналистика және саясаттану факультетінің деканы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Kabdyl N.N.** – doctoral student of the Faculty of journalism and political science, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Sak K.O.** – candidate of philological sciences, professor, Head of the Faculty of journalism and political science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 19.01.80  
Ғылыми мақала

<https://orcid.org/0000-0001-9499-9182>  
<https://orcid.org/0000-0002-3946-8992>  
DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-146-1-36-46>

## Әлеуметтік желілердегі қазақтілді контенттің өзекті мәселелері

Н.Т. Шыңғысова\*, Н.М. Касымбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [nazgul.shyngyssova@gmail.com](mailto:nazgul.shyngyssova@gmail.com), [kassymbekova.nazira@gmail.com](mailto:kassymbekova.nazira@gmail.com))

**Аңдатпа.** Әлеуметтік желілер коммуникация мен нетворкингтің зор мүмкіндіктеріне ие. Бүгінде кез келген қолданушы өзіне ыңғайлы форматта контент жасап, парақшасын әртүрлі фото, бейнежазбалармен, авторлық контентпен толтыра алады. Үлкен аудиторияға контент жасау мүмкіндігі мыңдаған, миллиондаған аудиториясы бар авторларға контенттің мазмұны мен сапасына байланысты зор жауапкершілік жүктейді. Бүгінде қазақ тіліндегі контент саны күн санап артуда. Алайда ол өз аудиториясын тауып жатыр ма? Бүгінде қазақ тілінде контент жасаушылардың алдында креативті арттыру, контент тарату арналарын көбейту, тиімділік, табысқа жету мәселелері тұр. Мақалада жоғарыдағы міндеттерді шешу жолдары көрсетіледі. Авторлар қазіргі таңда БАҚ саласындағы мамандар мен контент жасаушылардың коммерциялық ұсыныстарды туғызып, сату қабілетін дамытудың маңызды екендігін айтады.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – контент жасау барысындағы күрделі мәселелерді анықтап, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, шешілу жолдарын ұсыну. Қазақ тілінде хабар тарату, ақпарат жасау, мәдени мұраны сақтап, насихаттау. Қазақша контенттің табыс тауып, жарнама берушілерді тарту мәселелерін зерделеу тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Аталған мақсаттарға жету үшін мақалада сауалнама, салыстыру әдістері қолданылды. Мақалада контент өндіруші мен тұтынушыларға жүргізілген сауалнама нәтижесіне сараптама жасалып, шетелдік контент өндірудегі кейстер қарастырылды. Сондай-ақ, контенттің сапасын арттыру туралы ғалымдардың пікірлері ұсынылды. Зерттеу нәтижелері журналистер мен контент жасаушылар үшін пайдалы болмақ.

**Түйін сөздер:** қазақша контент, контент-мейкер, медиа, креатив, медиаплатформалар, монетизация, медиа стартап.

## Кіріспе

Әлеуметтік желі кез келген қолданушының пікір білдіруіне, өз позициясын анық әрі нақты көрсетуіне мүмкіндік берді. Бүгінде кез келген қолданушы өзі контент дайындап, тарата береді. Бұл туралы зерттеушілер желі қолданушыларының контент жасауға және ақпаратты тарату процесіне белсене қатысуын цифрлық дәуірдегі тағы бір тенденция деп санайды [1].

Әлемдегі соңғы геосаяси жағдайлар қазақ тілінде ақпарат тұтынушылар санының өсуіне ықпал етті. Бұл өз кезегінде қазақ тіліндегі контент-мейкерлерге сұранысты арттырады.

Контенттің қажеттілігі, оның аудиторияға өтуі қаралымға тікелей байланысты. Қазақтілді аудиторияның көбі интертеймент, шоу бизнес бағытындағы ақпараттарға қызығатыны жасырын емес. Сондықтан келесідей сауалдардың тууы заңды:

1. Қазақ тілінде сапалы контент ұсынушылар кедергілер мен қиындықтардан құтылу үшін қандай құралдарды қолдануы керек?

2. Қазақ аудиториясы неліктен көңіл көтеру бағытындағы контентке әуес?

## Әдебиеттерге шолу

Economist сайтының дерегі бойынша қазақстандықтардың интернетті қолдану белсенділігі 2020 жылы ерекше байқалған. Бұған дүниежүзілік карантин салдарынан оқу мен жұмыстың онлайн режимге ауысуы себеп болған [2]. Finprom сайты 2023 жылдың қазан айында қазақстандық аудитория үшін танымал топ әлеуметтік желілерді анықтады. Сауалнама нәтижесі бойынша Pinterest (28.1%), YouTube (20.64%) көрсеткішімен ерекшеленеді. Одан кейін Facebook (18.1%), Instagram (10.16%) және Twitter (9.82%) желілері тұр [3].

Сарапшылар пандемиядан кейін оқырманның ақпараттық сауаты артып, кез келген ақпаратты сүзгіден өткізіп, тексеріп барып қолданатынын айтады. Бұл құбылыс олардың контентке деген талғамына да ықпал етті. Қазақстандық ғалымдар жаңа медианың болашақ даму бағытын негізгі пішін, мазмұн, пайдаланушылар, технология және қызметтер деп бес аспектіге бөліп қарастыруды ұсынады. Сондай-ақ жас қолданушылар Facebook, Instagram және TikTok сияқты әлеуметтік желілерді жиі пайдалатындықтан, ақпаратты бейне ретінде қабылдайтынын алға тартады [4]. Қазақстандық Youtube сарапшысы С. Өтеболатов: «Аталмыш платформадағы контенттің сәтті шығуы үшін оның безендірілуі мен әртүрлілігіне мән беру керек», - дейді [5]. Бұл туралы Мәскеу ғалымдары да өз пікірлерін білдірді. Зерттеушілер Н. Авдоница мен В. Богатырёва журналистерге веб-верстка, SMM, ақпараттарды сараптау, инфографика жасау, фото және видео түсірілім, монтаж жасау техникасы, аудиториямен байланыс, геймификация, жаңашылдыққа жедел бейімделу сияқты дағдыларды меңгеру жүктеледі дейді [6].

Л. Шестеркин медиакомпаниялар мен жеке интернет-контент жасаушылар үшін алдымен онлайн-қауымдастықтың маңызын, интернет желісіндегі медиа мәтіндермен

жұмыс істеу дағдысын қалыптастырудың; жұмыс істейтін сілтемелерді дұрыс қолдана алу, таратылатын контентті сауатты өңдеу, іздеу жүйелеріне сәйкес тақырыптар жаза білу, әртүрлі басқару жүйелерімен жұмыс істеудің маңыздылығын айтады [7].

Б. Петров, А. Есдаулетов, А. Сайдиқаримов қазақша контенттің сапасы туралы зерттеу жүргізді. Респонденттердің 30.4 пайызы сапа орта деңгейде деп жауап берсе, 37.5 пайызы қанағаттанарлық деп жауап берген. Респонденттердің қалған 32 пайызы 4-5 балмен (ең жоғ.балл 5) бағалаған. Сауалнамаға қатысушылар мемлекеттік тілде хабар тарататын әсіресе білім беру контентінде олқылықтар бар дейді. Сондықтан олар контентті арнайы қосымшалардан, веб-сайттардан емес, YouTube, Instagram, TikTok сияқты әлеуметтік желілерден іздеуге мәжбүр. Ал бұл платформалардағы сапасы жоғары контент негізінен орыс тілдерінде таратылады [8].

2011 жылдан бері YouTube-тың серіктесі болып келе жатқан “Air” компаниясы қазақтілді контенттің мүмкіндігі жоғары екенін айтады. «Әрине, ол бірден желіні жарып, қыруар қаржы тауып кетпейді. Алайда танымалдыққа ие болар кезі келеді», - дей келе, Украинадағы мемлекеттік тілде жарияланатын контент кейсті мысалға келтірді. Онда украин тілінде контент жасап жүрген контент-мейкерлерге сұраныс белгілі бір уақыттан кейін барып артқан. «Мемлекеттік тілде ақпарат тарату үрдісі Қазақстанда да жаңашылдыққа айналмақ», - деп 2019 жылы айтқан. Бүгінде интернет кеңістікте мемлекеттік тілдегі контент көп болғанымен, сапасы ойдағыдай емес. Кейбір сарапшылар қазақ тілінде көп нишаның бос екенін тілге тиек етіп, YouTube-тағы арнаны мемлекеттік тілде жүргізе беру қажет дейді. Осылайша, контент жасауға деген талғам да қалыптаспақ [9].

Джон Бреслин мен Стефан Декер әлеуметтік медиа кейде вирустық маркетинг үшін қолданылады дейді. Оның ойынша, қандай да бір медиа өнімді алға жылжытуда әлеуметтік желіде вирустықмаркетинг құралдарын таратып, контенттанымалдылығын арттыруға болады. Алайда Карин Норр-Цетина «бұлай жасалған сату теңізге тамған тамшыдай ғана» дейді. Сондай-ақ «вирустық маркетинг бастапқыда өнімді арттырғанымен, тұтынушыларды шамадан тыс ынталандыру өнімге деген сенімді әлсірету арқылы кері әсер етеді» деген пікір айтады [10].

Андреас М. Каплан мен М. Хенлейн контент-мейкерлерге бірлескен жоба жасауды ұсынады. Бұл олардың жеке қол жеткізетін жетістіктеріне қарағанда әлдеқайда тиімді әрі танымал болады дейді. Корпоративтік тұрғыдан алғанда, фирмалар бірлескен жобалар көптеген тұтынушылар үшін негізгі ақпарат көзіне айналатынын түсінуі керек. Сондай-ақ контент тұтынушыларының сенімділігін де арттыра түспек. Коллаборациялық контент жаңа авторларды оқырмандарға таныстырып, өзі немесе өнімі туралы айтуға мүмкіндік береді [11].

Ирандық ғалымдар А. Саламзаде мен М. Таджпур білімге негізделген экономиканы дамытуда маңызды рөл атқаратын және көптеген әлеуметтік өзгерістердің көзіне айналатын медиа стартап туралы жазды. Медиа стартапты құрудағы қиындықтардың алты санаты бар. Олар: құқықтық, инфрақұрылымдық қиындықтар, адами капитал проблемалары, қаржыландыру мәселелері, БАҚ-қа деген сенімділік және контентке

қатысты қиындықтар. Соңғы аталған кедергі медиа стартап құру кезіндегі ең күрделісі болып саналады. Атап айтқанда тексерілген ақпарат тарату негізгі қиындық болып отыр [12].

Үндістанда контенттен гөрі контент өндірушіге басымдық береді әрі бұны PR тәсіл деп қабылдауға болады. Сонда аудитория контентті де, контент авторын да қабылдайды. Алдағы уақытта контент авторы басқа медиа өнім жасағанда оны аудиторияға таныстырып, танымал етуге уақыт жұмсамайды. Сондай-ақ мәдени құндылыққа негізделген өңірлік контент Facebook пен Youtube платформаларында сұранысқа ие.

Журналистік зерттеу жүргізу бірнеше кезеңдерден тұратыны белгілі. Олар: зерттеу жоспарын құру, алғашқы ақпараттарды іздестіру мен өңдеу, дереккөздермен жұмыс, жиналған ақпараттарды жүйелеу, дәлелденетін базаны қалыптастыру, толық өңделген соңғы нұсқадағы сұхбатты саралау, заңдық талдама, материалды дайындау. Ал зерттеу жоспары – алға зерттеу үшін қойылған сұраққа жауап алу. Кез-келген нақты зерттеудің жазбаша жоспары жасалады. Бұл әсіресе топтық журналистік зерттеу үшін тиімді. Себебі, әр журналист үлкен бір журналистік зерттеудің әртүрлі бағытын қарастыратындықтан, ортақ жоспар жасалады. Ол ақпараттарды жинау мен өңдеу сынды екі кезеңнен тұрады. Ақпараттармен жұмыс жүргізудегі негізгі дереккөз – адам болып табылады. Ақпараттарды жинау барысында дереккөздермен жұмыс, материалдары сапалы, сауатты жинау зерттеудің сапалы шығуына ықпал етеді. Кез-келген зерттеу жұмысы кем дегенде екі ақпарат дереккөзімен қарастырылуы маңызды. Деректердің ашық деректер мен жабық, құпия деректер деген түрлері болатыны белгілі. Зерттеу барысындағы міндетті кезеңдерге бұған дейін БАҚ -та бұл зерттеу тақырыбы туралы қандай материалдар жарық көрген қандай ақпараттар бар, құжаттарды іздестіру, қоғамда өзекті болып отырған тақырып туралы пікірлер, материалдары өңдеу кіреді. Бүгінгі журналистік зерттеудің құрылымын кезең-кезеңімен кесте ретінде ұсынып отырмыз.

## 2-кесте. Классикалық зерттеу құрылымы

Зерттеу нысаны	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Белгілі бір резонансты дерек</li> <li>– Зерттеуді қажет ететін оқиға</li> <li>– Талдауды талап ететін құбылыс</li> <li>– Расталуы немесе жоққа шығарылуы тиіс мәлімдеме</li> <li>– Құжаттық дәлел / анықтығы мен анық еместігін дәлелдеуді талап ететін құжат.</li> </ul>
----------------	--



Дәлелдер қоры	Түрлі статистикалық мәліметтер, құжаттандырылған дерек, оқиғаға қатысушылардың куә болуы мен оқиға; пайдаланылатын құжаттар мен факт ресми дерек және дереккөздер.
Сарапшының түсіндірмесі немесе қорытындысы	Сарапшының түсіндірмесі немесе қорытындысы зерттеуге салмақ береді, дерекқорды растайды немесе жоққа шығарады; субъективтілікті жоққа шығару үшін екі немесе одан да көп сарапшылардың пікірі беріледі.
Екі жақтың түсініктемесі	Тексерістің әділдігін көрсетеді, бейтараптығын растайды.
Қорытынды	Зерттеу деректерінің қосылған квинтэссенция (ең маңызды) анализі

Журналистік зерттеулер жүргізу барысында дәстүрлі әдістердің арасында бақылау әдісі бірінші кезекте ерекшеленеді. Ол адаммен дыбыс-бейне қарым-қатынас процесінде адамның сезімтал ақиқатты сезіну қабілетіне негізделеді. Журналистік бақылау әрқашан мақсатты және нақты анықталған сипатқа ие. Бұл көру және көруге мүмкіндік беретін міндеттерді түсіну мен қабылдаудың алдын-ала жасалғандығы. Әлеуметтануда бақылау көзбен көрген оқиғалардың тікелей жазылуында көрініс табады. Мұндай «оқиғаларды тіркеу» объективті шындықты тікелей қабылдауды ғана емес, оның көз алдында орын алған оқиғаларды тереңірек зерттеу үшін жиі журналистің қатысуын көздейді.

Бақылау әдісі журналистік тәжірибеде белсенді қолданылады. Бұл бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, іс-шараға қатысқан журналист өзінің даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік алады. Хабарлау тек жоғары дәрежеде ғана емес, репортердің көз алдында (әсіресе теледидарда және радиода) болып жатқан жағдайға өзіндік атмосферасын қалыптастырады. Екіншіден, адамдардың мінез-құлқын тікелей қадағалауға және жеке ерекшеліктеріне назар аудармауға мүмкіндік береді. Мұндай бақылаулардан алынған ақпарат үнемі сенімді. Үшіншіден, журналист оқиғаның куәгері болғандықтан, оның ең маңызды сәттерін анықтайды және оның бағалауы басқаның көзқарасына тәуелсіз. Деректерді іріктеу сатысында олардың негізгі және қосымша секцияларға жіктеп алу, іс-шараның әртүрлі элементтері арасында қалыптасқан себеп-салдарды байланыстара зерттеу жасайды. Журналист одан әрі объективті зерттеу арқылы болашақ жұмысында деректерді жариялау үшін алғышарттар жасайды.

Бірақ бақылау барысында журналист мүмкін объективті және субъективті қиындықтар туралы есте сақтауы керек. Объективті қиындықтар туралы айта отырып, журналист жиі қайталанбайтын кейбір жеке және ерекше жағдайларды қарастырады. Субъективті қиындықтар туралы айта отырып, журналист адам кейде күрделі және тіпті қақтығысатын адамдар арасындағы қарым-қатынастармен бетпе-бет келуіне назар аудару керек. Бұл жағдайда бастапқы ақпараттың сапасына адамдардың субъективті бағалауы, құндылық бағдарлары, қалыптасқан қабылдау және стереотиптер, мүдделер және т.б. әсер етуі мүмкін. Адамдар өздерінің қадағаланып жатқанын білсе, мінез-құлқының тактикасын өзгерте алады.

Бақылаудың бірнеше түрлерінің де зерттеу кезінде өзіндік ерекшеліктері болады. Құрылымдық бақылауда журналист оқиғаларды нақты анықталған жоспарға, неғұрлым дәл, рәсімге, сондай-ақ құрылымдық емес әрекеттерге сәйкес, еркін жағдайды қадағалайды, тек жағдай туралы жалпы ойларға назар аударады. Далалық бақылау журналистің табиғи жағдайларда жұмыс істеуін және журналист әзірлеген белгілі бір жағдайларда зертханалық бақылауды болжайды. Жүйелі түрде бақылау бір уақыт кезеңінде журналистің белгілі бір жағдайға ұшырауын, ал жүйелі емес – байқалған құбылысты таңдаудағы өзіндік ерекшеліктерін болжайды. Бейресми бақылаудағы бақылаушы ұстанымы: журналист, әдетте, бақыланатын жағдайдан тыс және іс-шараға қатысушылармен байланыста емес. Ол не болып жатқанын түсінуге тырыспай, бейтарап көзқараспен саналы түрде қабылдайды. Байқаудың бұл түрі көбінесе қоғамдық атмосфераны сипаттау үшін қолданылады, мысалы, сайлаулар, қоғамдық шаралар, қоғамдық-экономикалық реформалар және т.с.с. Жиналған бақылау журналистің жағдайға өзі қатысатындығын болжайды. Ол саналы түрде жүреді, мысалы, объектіні ішінен тану үшін белгілі бір әлеуметтік топқа кіріп, «мамандықты» өзгертеді. Журналист кәсіби емес немесе біліктілігі жоқ іс-әрекеттерімен адамдарға физикалық немесе моральдық зиян келтірмейтініне сенімді болған жағдайда «кәсібінің өзгеруі» мүмкін. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері дәрігерлер, адвокаттар, судьялар, мемлекеттік қызметкерлері және т.б. өкілдері үшін қарсы көрсеткіш болып табылады.

Журналистикадағы эксперимент әдісі жиі енгізілген бақылау әдісімен анықталады. Мұның себептері бар. Біріншіден, экспериментальды журналист бақылауға алынған объектілермен тікелей байланыста болады. Екіншіден, эксперимент, сондай-ақ байқау жасырын жүргізілуі мүмкін. Үшіншіден, эксперимент әлеуметтік шындықты зерттеудің көрнекі құралдарына қатысты.

Экспериментте объект – жасанды жағдайды жасау құралы. Бұл іс жүзінде журналист өзінің гипотезаларын тексере алады, зерттелетін объектіні жақсы түсінуге мүмкіндік беретін күнделікті белгілі бір жағдайларды «жоғалтады». Сонымен қатар, кез-келген тәжірибеде журналист-зерттеушінің когнитивті қызығушылығы ғана емес, сонымен қатар басқарушылық мүдде болады. Егер енгізілген байқауда корреспондент оқиға жазып алушы болып табылса, онда ол экспериментке қатыса алады, ол жағдайға араласуға, оның қатысушыларына әсер етуге, оларды басқаруға және кейбір шешімдер қабылдауға құқылы. Эксперимент жасайтын корреспонденттер адамдарға, кейбір лауазымды тұлғаларға, барлық қызметтерге өздігінен ашып көрсетуді күтпейді.

Экспериментті жоспарлау және өткізу кезінде журналистер келесі тармақтарын ескеру керек. Біріншіден, эксперимент басталғанға дейін оның мақсаттары мен міндеттерін анықтау керек. Ол үшін жағдайды жақсы зерттеп, ықтимал қатысушылар туралы алдын ала ақпараттарды жинап, бар құжаттар мен басқа да дерек көздерді әзірлеу керек, сондай-ақ алдын ала зерттеу жүргізу, объектінің ерекше белгілері бойынша сипаттама жасауға болады. Екіншіден, іс-әрекет орнын анықтау да маңызды. Эксперимент табиғи немесе зертханалық жағдайда орындалса оның өзіндік сипаттары болатынын ескеруі шарт. Тиісінше, біз өзімізді және осы операцияның басқа қатысушыларын дайындауымыз керек.

Журналист қандай шара қолданылатындығын анықтағаннан кейін, ол жұмыс гипотезаларын қалыптастырып, эксперименталды жағдайға әсер ету индикаторын таңдайды. Содан кейін ғана зерттеу үрдісін жүргізу мен бақылау әдісі анықтайды.

Журналистикада бастапқы ақпарат жинау әдістерінің қатарында, «өткен, қазіргі және болашақтағы уақыттың тұтас көзқарасын қалыптастыруға» ықпал ететін публицистік болжау әдісін бөлуге болады. Журналист осы әдіске ауысып, ең алдымен белгілі бір оқиғалардың даму динамикасын болжауға тырысады. Сонымен бірге, «әлеуметтік болжау болашақтың егжей-тегжейлерін болжаумен шектелмейді. Болжалды құбылыстың диалектикалық детерминизм қағидаттарынан, болашақ әлеуметтік құбылыстарға ықтимал тәсілдің болуы ықтимал нұсқалардың кең спектрін ескере отырып, қажет болған кезде оның қажеттілігін растайтын жолдан шығару фактісінен бастау алады.

Осы аталған бірнеше зерттеу тәсілдері арқылы журналистік зерттеу кезеңдері жүзеге асырылады.

Әлемге танымал Эмиль Золя, Марк Твен журналистік зерттеу жанрының классиктері болып есептеледі. Дегенмен, журналистика теориясында бүгінге дейін журналистік зерттеу терминіне нақты анықтама берілмей келеді. Журналистикада журналистік зерттеу терминіне берген анықтамалар мазмұнында журналистік зерттеу – өзіндік бастама мен жеке дара жұмысқа негізделген, белгілі бір жекелеген тұлғалар мен ұйымдар құпия сақтағысы келген маңызды тақырыпқа арналған, қоғам үшін маңызды жаңалық болатын материал ретінде көрсетіледі. Ол жекелеген адамдармен сұхбат, құпия құжаттарды тексеру, жеке бақылау, ақпарат көздеріне негізделіп жүргізілетіндігі баса айтылады.

Белгілі ғалым К. Қамзин өзінің «Талдамалы журналистика» атты еңбегінде: «Журналист зерттеуінің негізгі нысаны, әрине, көкейтесті факті, құбылыс, оқиға. Ол фактінің мәніне үңіледі, оның алдын-алу себептерін даму перспективасын ашып көрсетуге тырысады. Сол тенденцияларды тап басып, дәл анықтай білген журналист қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын модельдей алады, тілге тиек етіп отырған деректердің өз ішіндегі қайшылықтарды дұрыс көрсете алады» - деген болатын [8, 25 б.].

Зерттеуші-ғалым Қ.Тұрсынов журналистік зерттеудің журналист тарапынан болатын күш-жігер, идея мен ұсыныссыз жарыққа келмейтіндігін атап өтеді. Себебі, журналист материалдары терең, жан-жақты зерттеу нысанына айналдыра алмағандықтан, хабарда үстірттік, жасандылық белең алады. Журналистік зерттеу жүргізуде автордан талант пен сезімталдық, әрі осы саланың заңдарымен таныс болу, әрі өз материалын дерекке негіздеу қатаң талап етіледі [9, 82 б.].

Журналистік зерттеудің қазақ журналистикасында қалыптасуы мен дамуы ХХ ғасырдың 2-жартысынан бастау алады делінеді. Оның көріністерін 1980-1990 жылдар аралығында сот отырыстарын зерттейтін корреспонденциялар қатарының көбейе бастауымен сабақтастырады.

Бүгінгі БАҚ-та көзіқарақты оқырман үшін берілетін журналистік зерттеулердің басым бөлігі телевизия экранының жарыққа шығады. Телевизиядағы журналистік зерттеу пішіні кеш назарға ілінді деген пікірлер де кездеседі. Осы пішін телевизияда

80-жылдардың ортасында Қ.Қорғановтың «Бір хаттың ізімен» хабары негізінде телеэкранға орнықты. Автор «Бір хаттың ізімен» хабарын көрермендер хаттарының желісімен жасап, ондағы көтерілген мәселені тыңғылықты зерттеп, оқиға орнына арнайы топпен барып, іске жан-жақты қанығып барып шығарады. Журналист деректен алшақтамай, біреудің ар-намысын орынсыз аяққа таптамай, болған күйінде баяндай отырып журналистік зерттеу әдістеріндегі алдын-ала тексеру, деректер, салыстыра талдау, бақылау, сұқбат түрінде хабарды жүйелі көрсете білді.

Телевизиядағы журналистік зерттеу іс-шараның жоспарын құру, бастапқы ақпараттарды жинау мен іріктеу, дереккөздермен жұмыс, ақпараттарды жинау жүйелілігі, дәлелдемелер базасын қалыптастыру, толық аяқталған сұхбат, құқықтық сараптама, материалды дайындау сынды негізгі кезеңдерді қамтиды.

Шетелдік басылымдарда да журналистік зерттеудің тиімділігі мен зерттелу барысы мен қағидалары жайында аз айтылып жүрген жоқ. Мәселен, жаңа DW Akademie басылымында жарық көрген журналистік зерттеулердің қатарын көрсетеді [10].

Шетелдік журналистік зерттеулерге байланысты теориялық материалдар қатарына «Журналистские расследования: современные методы и техника» атты еңбектен журналистік зерттеулер жүргізудің теориялық негіздемелерімен терең танысуға болады [11, 81 б.].

Әлемдік деңгейде қарастырғанда журналистік зерттеулердің БАҚ-қа ықпалы турасындағы (После сенсации. Влияние журналистских расследований на СМИ, 2019) басылымнан тәжірибелік материалдармен танысуға болады [12, 69 б.].

Жалпы бүгінгі отандық және шетелдік журналистика теориясы мен тәжірибесінде журналистік зерттеулер жүргізуге арналған түрлі кеңестер мен шеберлік курстарын да таба аласыз (<https://en.arij.net/materials/ten-quick-tips-for-investigative-reporting/>). [13].

2023 жылы Швецияда журналистік зерттеулерге байланысты ғаламдық деңгейдегі конференцияның ұйымдастырылатыны туралы да ақпараттарды кездестіруге болады (<https://gijc2023.org/>) [14].

### **Нәтижелер мен талқылау**

Журналистиканы зерттеу теориясының кейбір аспектілері үшін ескі теория негізін ұстанушылар деректер негізінде сәтті жазылған есептерді журналистік зерттеудің өзі деп санайды. Егер солай болса, оның қалыпты түрінен айырмашылығы неде? Дегенмен, журналистік зерттеу нақты дәлелдерге сүйене отырып, мықты жазылуы керек екені анық болғанымен, оның кәдімгі жазудан айырмашылығы – мәселенің мәнін аша алатындығымен ерекшеленеді.

Ғалымдар «журналистік зерттеу жүргізу азаматтық журналистиканың дамуына ықпал ететін, әлеуметтік белсенділіктің бір түрі ретінде қарастырды, соның арқасында адамдар күнделікті жаңалықтарға өз көзқарастарын, тәжірибелерін және пікірлерін қосуға мүмкіндік алады» [15], - деп пікір білдіреді. Кейбір ғалымдар журналистік зерттеу жүргізу жеке тұлғаның немесе ұйымның кәсіби ұстанымы ретінде анықтап,

азаматтық журналистердің «әуесқойлық» табиғаты деп атап көрсетеді [16]. Сондықтан қоғам қызығушылығын тудыратын, тақырыпты ашуға бағытталған, тұлға немесе ұйым туралы деректерді зерттейтін мақалалары мен бағдарламаларды журналистік зерттеу деп тануға болады деп санайды. Журналист-зерттеушілер заңды өзгерту арқылы кейбір топтарға немесе бір-екі компанияға тиімді, әрі құқықтық орта қалыптастыратынын көрсетіп, дәлелдеуді мақсат етеді.

Журналистік зерттеудің кейбір теориялық жақтарына үңілсек, ескі теориялық негіздемелерді ұстанушылар дерекке негізделіп сәтті жазылған репортаждың өзін журналистік зерттеуге балайды. Егер олай болса, оның әдеттегі жанрлардан айырмашылығы қайда қалмақ? Алайда, журналистік зерттеудің бұлжымайтын дерекке негізделіп мықты жазылуға тиіс екендігі түсінікті болғанымен, мәселеге тереңдеп ене алатындығымен әдеттегі жазбалардан өзгешеленеді.

Журналистік зерттеуде белгілі бір жеке адамның, ұйымның құпия жағдайда сақтағысы келген дүниелеріне тереңдеп еніп, сол арқылы қоғамдық мүддені көтерген, өзекті мәселені таңдаған журналист мақаласын, бағдарламасын журналистік зерттеу деп тануға болады. Журналистік зерттеу Кім? Не? Қашан? Қайда? Қалай? Неге? деген сұрақтарға жан-жақты әрі толықтай жауап бере отырып, оқиғаның түп негізіне тереңдеп енеді. Мысалы, Үкімет шаруашылық нысандардың кірісіне салынатын салықтар туралы заңға өзгертулер туралы енгізуді ұсынып, парламент арқылы бекіттіріп алды делік. Заңға неге өзгерту енгізу қажет болды, оған кімнің мүддесі үшін барып отыр, артында кімдер тұр? Міне, осы сұрақтарды қазбалай отырып, түпкілікті себебін тауып, анықтауға журналистік зерттеу бағытталады.

Іздестіруші журналист заңдағы өзгерістер азғана топтар немесе бірлі-екілі компания үшін қолайлы да пайдалы құқықтық ахуал қалыптастыруы ықтимал деген күдікті ойын болжам ретінде алға қояды да, сонысын дәлелдеуді мақсат етеді.

Жалпы журналистік зерттеу белгілі бір мәселенің шешімін тауып, оның қоғамдағы өзектілігін саралауды, кездескен кедергі мен адами факторлардың әрекеттерін анықтауды көздейді. Мәселен, жаңа оқу жылында орта мектеп оқушыларына қажетті жаңа кітаптар баспадан шықпай оқушылар кітапсыз білім алуға тура келді. Осындай маңызды мәселені кейінге қалдыруда не себеп? Астарында қандай да бір кедергі немесе саяси мүдде бар ма? Олай болса, ұлт мүддесіне, оқушылардың болашағы үшін қауіп төніп тұрғандарды анықтауға, сондай-ақ олардың өтірігін әшкерелеуге журналистік зерттеу жүргізуге болады.

Қазақстандық БАҚ-тарда журналистік зерттеулерді жүргізуде цифрлы технология өнімді зерттеулер жүргізуге септігін тигізе алатын құралдарға жол ашты. Оның ішінде оқырмандармен қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдері тиімділігін танытып отыр. Цифрлау – журналистік зерттеулер үшін материал іздестіруді жеңілдетті. Бірақ даулы және қарама-қайшы тақырыптар бойынша ақпараттар тауып алу жеткілікті дәрежеде қиынға соғады. Көп жағдайда журналистер деректерді интернетте орналастырылған деректер қорынан ала алады, бірақ ол сапалы зерттеу жүргізу үшін тиімді болмайтын тұстары да ескеріледі.

Ал, бүгінде ғаламторда журналистік зерттеуге кедергілер жоқ. Зерттеуші журналистер интернет-басылымға маманданбағанымен, олар web-кеңістікте табысты жұмыс жасауға мүмкіндіктер жасалынғандығымен ерекшеленеді.

### Қорытынды

Сонымен отандық журналистикада бүгінгі журналистік зерттеулер жүргізуде нені ескеру қажет? қай тұстары әлсіз көрінеді? деген мәселелер бойынша сөз еткенде жанрдың солғын тартуы, осы жанрға мамандандырылған және тұрақты түрде журналистік зерттеулерді жариялап отыратын ресурстардың жоқтығын алға тартады.

Қазақстанда кез келген сыни материал тәуекелділікті қажет етеді. Журналистік зерттеулердің дамуы тұрасында журналист Айжан Түгелбаева: «Менің журналистік зерттеулердің жай-күйіне беретін бағам – жанр нашар дамып жатыр. Бұл әбден мүмкін, себебі журналистер бұл жанрда жұмыс істеуден қорқады: зерттеуді талап етпейтін әлдебір жаңалықтар материалдарын жазу анағұрлым оңай» - дейді (Цифрлық медиалар картасы, 2013:68) [17, 54 б.].

Шетелдік ғалымдардың пайымдауынша, журналистік зерттеу жұмысын дайындау үшін журналистік зерттеу материалдарының тақырыптары оқырман, көрермен немесе тыңдармандардың қажеттіліктеріне сай болу қажет екендігі айтылады. Сонымен қатар қоғамдық маңызға ие, тұтынушының психологиялық қабілетіне ықпал ететіндей қасиетінің болуы шарт деп көрсетеді.

Қорыта айтқанда, журналистік зерттеу бүгінгі БАҚ-та ойып тұрып орын алар жанр болып есептеледі. Журналистік зерттеудің арқасында көптеген басқа саланың тісі бата бермейтін дүниелер де анықталуда. Журналистік зерттеу журналистиканың нақты миссиясын орындайтын, әрі оны «төртінші билік» атауына лайық ететін сала.

БАҚ-тағы журналистік зерттеулер тұрасында айтқанда қазақтілді басылымдардағы аталмыш саланың орны тұрасында да жиі сын пікірлер айтылып жүр. Дегенмен, басылымдардағы зерттеулерді оқи отырып, жылдан жылға жанрдың өзектілігі артып келе жатқанын байқауға болады. Әрбір газеттің өзіндік стилистикасы бұл жанрды да айналып өтпеген, әдеби немесе тарихи басылымдардан тарихи, әдебиет немесе өнер тақырыптарындағы зерттеулерді, әлеуметтік газеттерде қоғамдық, әлеуметтік, саяси тақырыптарды кездестіруге болады.

Ұсынылып отырған зерттеу мақаламыз арқылы ең қажетті де күрделі жанрдың дамуына талдау жасауға тырыстық. Жоғары деңгейде жүргізілген кез-келген журналистік зерттеудің нәтижесі қатаң түрде соңғы мақсатқа бағынуға тырысады және бірнеше тізбектелген дәлелдер жүйесінен тұрады. Журналистиканың басқа жанрларындай емес аталмыш жанр эмоцияға берілмейді.

Біздің қоғамға журналистерге, олардың қызметіне деген сенімділікті қалыптастыру қажет. Мемлекет тарапынан зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолдау мен демеу керектігін айта кеткен жөн. Журналистика – қоғам дамуының айнасы.

## Автордың қосқан үлесі

Мақаланың толық тұжырымдамасына, жұмыс нәтижелеріне автор жауапты. Мақаланы дайындауда соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттер басшылыққа алынып, негізгі ойлары сілтемелер арқылы берілді. Автор мақаланың барлық бөліктерінде деректерді пайдалануда нақтылыққа мән берді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Журналистік зерттеулер. «Kazakstan» телеарнасы бағдарламалары. [Электрондық нұсқа]. URL: [https://qazaqstan.tv/projects/zhurnalistik\\_zertteu](https://qazaqstan.tv/projects/zhurnalistik_zertteu) (қаралған күні: 11.08.2019).
2. Hermida A. «Nothing but the Truth: Redrafting the Journalistic Boundary of Verification» In *Boundaries of Journalism: Professionalism, Practices and Participation*, edited by M. Carlson and S. C. Lewis, 37–50. Routledge, New York, NY.: (2015).
3. Brandtzaeg, P. B., M. Lüders, J. Spangenberg, L. Rath-Wiggins, and A. Folstad (2016). «Emerging Journalistic Verification Practices Concerning Social Media» // *Journalism Practice* 10 (3): 323–342.
4. Шыңдалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы. – Астана: ЕҰУ АББ, 2012. – 248 б.
5. Journalists must be protected in police investigations. Here’s our five point plan for reform [Electronic resource]. URL: <https://theconversation.com/journalists-must-be-protected-in-police-investigations-heres-our-five-point-plan-for-reform-193102> (Accessed: 28.10.2022).
6. How to fund investigative journalism [Electronic resource]. URL: <https://akademie.dw.com/en/how-to-fund-investigative-journalism/a-55039200> (Accessed: 24.09.2020).
7. Ұлттық журналистиканың төл аталымдары [Электрондық нұсқа]. URL: <https://termincom.kz/articles/?id=112> (қаралған күні: 11.08.2019).
8. Қамзин К. Талдамалы журналистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 312 б.
9. Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – Алматы: «Білім», 2006. – 170 б.
10. After the Scoop – how investigative journalism affects media. [Electronic resource] URL: <https://akademie.dw.com/en/after-the-scoop-how-investigative-journalism-affects-media/a-50414799> (Accessed: 23.09.2019).
11. Уллмен Дж. Журналистские расследования: современные методы и техника. Москва: Наука, 1998. – 212 с.
12. Абанг М., Бьенвеню Э., Биллинг Л., Шатель Ф. После сенсации. Влияние журналистских расследований на СМИ. Тематические исследования и примеры со всего мира. – Бонн: Deutsche Welle, 2019. – 69 с.
13. Ten Quick Tips for Investigative Reporting [Electronic resource]. URL: <https://en.arij.net/materials/ten-quick-tips-for-investigative-reporting/> (Accessed: 27.09.2022).
14. Global Investigative Journalism Conference 19-22 September 2023, Gothenburg, Sweden Конференция. [Electronic resource]. URL: <https://gijc2023.org/> (Accessed: 19.09.2023).

15. Matthias Degen, Max Olgemöller, Christian Zabel (2024) Quality Journalism in Social Media – What We Know and Where We Need to Dig Deeper, *Journalism Studies* [Electronic resource]. URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/1461670X.2024.2314204> (Accessed: 02.03.2023).
16. Nelson, J. L., Edgerly, S. (2022). The (Ir)Relevance of Audience Studies in Journalism Education. *Journalism & Mass Communication Educator*, 77(2), 177-189. [Electronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1177/10776958211044885> (Accessed: 07.09.2021).
17. Эмрик Ф., Плахина Е., Цыренжапова Д. Цифрлық медиалар картасы: Қазақстан. Қазақ тіліне аударған Омарова С.С. – Лондон: Ашық қоғам қоры, 2013. – 127 б.
18. Ekström M., Lewis S. S., Westlund O. (2020). Digital journalism epistemology and disinformation research. *New Media Society*, 22(2), 205-212. [Electronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1177/1461444819856914> (Accessed: 20.01.2020).
19. Tandok E. S. (2015). Why Web Analytics Should Be Pressed: Factors Influencing the Ways Journalists Use Audience Metrics. *Journalism Research*, 16, 782+799. [Electronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1080/1461670X.2014.946309> (Accessed: 14.08.2014).

## References

1. Zhurnalistik zertteuler. «Kazakstan» telearnasy bagdarlamalary [ Journalistic research. Programs of the TV channel «Qazaqstan»] [Electronic resource]. Available at: URL: [https://qazaqstan.tv/projects/zhurnalistik\\_zertteu](https://qazaqstan.tv/projects/zhurnalistik_zertteu). URL: [https://qazaqstan.tv/projects/zhurnalistik\\_zertteu](https://qazaqstan.tv/projects/zhurnalistik_zertteu) (қаралған күні: 11.08.2019).
2. Hermida A. «Nothing but the Truth: Redrafting the Journalistic Boundary of Verification» In *Boundaries of Journalism: Professionalism, Practices and Participation*, edited by M. Carlson and S. C. Lewis, 37–50 (Routledge, New York, NY, 2015).
3. Brandtzaeg, P. B., M. Lüders, J. Spangenberg, L. Rath-Wiggins, and A. Følstad. «Emerging Journalistic Verification Practices Concerning Social Media», *Journalism Practice* 10 (3): 323–342 (2016).
4. Shyndalievа M. Zhurnalistika zhanrlarynyn pishinderi men funkciyasы [Forms and function of the genres of journalism] (EYU ABB, Astana, 2012, 248 p.).
5. Journalists must be protected in police investigations. Here’s our five point plan for reform. [Electronic resource]. Available at: <https://theconversation.com/journalists-must-be-protected-in-police-investigations-heres-our-five-point-plan-for-reform-193102> (Accessed: 28.10.2022).
6. How to fund investigative journalism [Electronic resource]. Available at: <https://akademie.dw.com/en/how-to-fund-investigative-journalism/a-55039200> (Accessed: 24.09.2020).
7. Ylttyk zhurnalistikanyн tol atalymdary [National journalism titles] [Electronic resource]. Available at: <https://termincom.kz/articles/?id=112> (Accessed: 11.08.2019).
8. Kamzin K. Taldamaly zhurnalistika [Analytical journalism] (Kazak universiteti, Almaty, 2012, 312 p.).
9. Tyrsyn K. Kazak telezhurnalistikasy: kalyptasu, damu problemalary [Kazakh TV journalism: problems of formation, development] (Bilim, Almaty, 2006, 170 p.).
10. After the Scoop – how investigative journalism affects media [Electronic resource]. Available at: <https://akademie.dw.com/en/after-the-scoop-how-investigative-journalism-affects-media/a-50414799> (Accessed: 23.09.2019).



11. Ullmen Dzh. Zhurnalistskie rassledovaniya: sovremennyye metody i tehnika [Investigative journalism: modern methods and techniques] (Nauka, Moscow, 1998, – 212 p.).
12. Abang M., B'envenyu E., Billing L., SHatel' F. Posle sensacii. Vliyanie zhurnalistskih rassledovaniy na SMI. Tematicheskie issledovaniya i primery so vsego mira. [After the sensation. The impact of investigative journalism on the media. Case studies and examples from around the world] (Deutsche Welle, Bonn, 2019, 69 p.).
13. Ten Quick Tips for Investigative Reporting [Electronic resource]. Available at: <https://en.arij.net/materials/ten-quick-tips-for-investigative-reporting/> (Accessed: 27.09.2022).
14. Global Investigative Journalism Conference 19-22 September 2023, Gothenburg, Sweden Конференция. [Electronic resource]. Available at: <https://gijc2023.org/> (Accessed: 19.09.2023).
15. Matthias Degen, Max Olgemoller, Christian Zabel. Quality Journalism in Social Media – What We Know and Where We Need to Dig Deeper, Journalism Studies, 2024 [Electronic resource]. Available at: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/1461670X.2024.2314204> (Accessed: 02.03.2023).
16. Nelson, J. L., Edgerly, S. The (Ir)Relevance of Audience Studies in Journalism Education. Journalism & Mass Communication Educator, 77(2), 177-189 (2022). [Electronic resource]. Available at: <https://doi.org/10.1177/10776958211044885> (Accessed: 07.09.2021).
17. Emrik F., Plahina E., Cyrenzhapova D. Cifryk medialar kartasy: Kazakstan [Digital media map: Kazakhstan]. Translated from Kazakh by S.S. Omarova. Ashyk kogam kory, London, 2013, 127 p.).
18. Ekstrom M., Lewis S. S., Westlund O. Digital journalism epistemology and disinformation research. New Media Society, 22(2), 205-212 (2020). [Electronic resource]. Available at: URL:<https://doi.org/10.1177/1461444819856914> (Accessed: 20.01.2020).
19. Tandok E. S. Why Web Analytics Should Be Pressed: Factors Influencing the Ways Journalists Use Audience Metrics. Journalism Research, 16, 782+799, 2015. [Electronic resource]. Available at: <https://doi.org/10.1080/1461670X.2014.946309> (Accessed: 14.08.2014).

**B.Zh. Karimova**

*Ilyas Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan*

### **The process of journalistic research development**

**Abstract.** Today it is known that the genre of journalistic research is necessary in socio-political life and plays an important role in the development of domestic journalism.

Speaking about journalistic research, it is necessary to consider the situation with freedom of speech in our country from a theoretical and practical point of view, analyzing it in comparison with the general global trend. Lack of journalists specializing in this field, lack of law protecting the rights of journalists.

The purpose of the research article is to determine the level and intensity of development of modern domestic journalistic research.

Since the genre of journalistic research is very important in the development of an open society and democracy, we set the task to describe the appearance of today's journalistic research.

When writing the article, several research papers were highlighted, its history and development features were analyzed, as well as methods of journalistic research abroad.

Serving the public, fighting for truth and justice are the main factors of investigative journalism. It is important for the media that journalistic research evokes in them the image of defenders of the values of society, the trust of readers and viewers.

**Keywords:** journalistic research, media, genre, digital development, methods, information, fact.

**Б.Ж. Каримова**

*Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдықурган, Казахстан*

### **Тенденции развития журналистского расследования**

**Аннотация.** Сегодня известно, что жанр журналистского исследования необходим в общественно-политической жизни и играет важную роль в развитии отечественной журналистики.

Говоря о журналистских исследованиях, необходимо рассматривать ситуацию со свободой слова в нашей стране с теоретической и практической точки зрения, анализируя ее в сравнении с общей мировой тенденцией. Однако сегодня часто говорят и пишут о том, что в отечественной журналистике много слабых мест в области журналистских исследований. Во-первых, нехватка журналистов, специализирующихся в этой области, а также отсутствие закона, защищающего права журналистов-расследователей и т. д.

Цель предлагаемой исследовательской статьи – определить уровень современных отечественных журналистских исследований, интенсивность развития, эффективность современных цифровых технологий в проведении журналистских исследований.

Поскольку жанр журналистское исследования очень важен в развитии открытого общества и демократии, мы поставили задачу описать внешний вид сегодняшнего журналистского исследования.

С теоретической точки зрения исследования в области журналистики дают критический взгляд, ничем не отличающийся от других журналистских работ. Однако известно, что у этого жанра есть своя ответственность.

При написании статьи было выделено несколько исследовательских работ, проанализированы ее история и особенности развития, а также методы журналистского исследования за рубежом.

Служение обществу, борьба за правду и справедливость – главные факторы журналистических расследований. Для СМИ важно, чтобы журналистические исследования вызвали в них образ защитников ценностей общества, доверие читателей и зрителей.

**Ключевые слова:** журналистское исследование, СМИ, жанр, цифровое развитие, методы, информация, факт.

Автор туралы мәлімет:

*Каримова Б.Ж.* – Ph.D., I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, журналистика және ақпарат білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, Талдықорған, Қазақстан.

**Karimova B. Zh.** – Ph.D., Ilyas Zhansugurov Zhetysu University, Teacher-lecturer of the journalism and information education program, Taldykorgan, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



МРНТИ 19.41.41

Научная статья

<https://orcid.org/0000-0002-1866-9218>

<https://orcid.org/0000-0002-2340-7482>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-146-1-132-143>

## Интернет-технологии и базы данных: новые возможности для журналистских расследований в СМИ РК

М.Н. Шукуева<sup>1</sup>, А.О. Есдаулетов<sup>2</sup>

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

(E-mail: <sup>1</sup>shukuevameruert@mail.ru, <sup>2</sup>aitken57@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматриваются новые способы сбора и проверки источников и информации, используемые журналистами-расследователями. Основным объектом исследования являются информационно-аналитический портал «Orda.kz» и электронное медиа «ProTenge». Анализ их деятельности помогает понять, как в работе журналисты-расследователи используют большие данные для получения информации.

Информационные технологии и другие digital-ресурсы обеспечивают доступ к онлайн-источникам и их анализ для журналистских расследований. Если ранее для подготовки материала необходимо было тратить месяцы, а то и годы, сегодня благодаря оцифровке информации резонансное дело можно довести до завершения в считанные дни. Журналисты оснащены новейшими инструментами, позволяющими проводить анализ больших данных.

Итоговые результаты статьи подтверждают, что цифровизация и доступ к получению и обработке информации, используемые журналистами-расследователями, в разы облегчают им работу и помогают в раскрытии серьезных коррупционных, резонансных дел. Выводы исследования показывают, что применение big data в средствах массовой коммуникации помогает ускорять процессы раскрытия журналистских расследований.

**Ключевые слова:** расследовательская журналистика, big data, оцифровка информации, медиа-текст, digital расследования.

## Введение

В последние десятилетия существенно изменилась онтология журналистики: новые форматы и методы изменили повседневную работу журналистов, с которой приходится справляться как начинающим репортерам, так и более опытным журналистам. Эти нововведения сопровождаются различными проблемами: массы информации, предоставляемой в интернете и в социальных сетях, часто охватывают большую аудиторию, но не всегда достоверны. Каждый вид информации требует конкретных подходов; цифровые форматы могут быть очень разными, содержать точную и подробную информацию и метаданные. Специалисты, обладающие digital-навыками, всегда были среди первых в инновационной журналистике. Сегодня различие между цифровой и традиционной журналистикой исчезает. Новые технологии массовой коммуникации в настоящее время являются неотъемлемой частью журналистики.

В настоящий момент корреспонденты работают в высококонкурентных условиях. Журналистское расследование интересует все больше корреспондентов, так как каждый хочет, чтобы его материал был на первых страницах. Множество сайтов, порталов и других социальных медиа предлагают в любое время актуальную информацию в текстовом, аудио, видеоформатах. По мнению Н. Лумана, удовлетворять все потребности людей цифровой эпохи и одновременно поддерживать высокую планку творчества как инструмента «письменной эволюции идей», приходится в условиях быстро меняющихся пространственно-временных реалий [1].

Работа с документами занимает одно из ключевых мест в системе методов сбора информации в журналистских расследованиях. Используется как при ознакомлении с темой, так и при сборе эксклюзивной информации. При этом под документом понимается любой материальный носитель информации (бумага, фото, видеофайл, аудиофайл и т.п.) с записанной на нем информацией, предназначенный для передачи. Обработка документов может быть как поверхностной, так и глубокой. Если в первом случае журналист ограничивается беглым знакомством и выделением основной информации, то во втором - тщательно изучает данные, содержащиеся в документе, с учетом цели его создания и характера его применения.

В любом случае от журналиста требуется умение найти и проанализировать нужный документ. Таким образом, могут быть проработаны поправки в действующий нормативный правовой акт только при условии, что он сможет провести сравнительный анализ обоих документов и определить суть изменений.

Оцифровка информации - будь то контракты, отчеты, демографическая статистика, экономические показатели или аудиовизуальные материалы, имеет огромные последствия для журналистских расследований. С одной стороны, журналисты теперь оснащены новыми инструментами, которые позволяют им проводить анализ больших данных, работать со статистическими материалами и представлять свои выводы с высокой визуальной привлекательностью для широкой аудитории через интернет. С другой стороны, цифровая информация шифруется, децентрализована

и чрезвычайно подвержена манипуляциям и фальсификации. Чтобы справиться с этими проблемами, журналисты как из традиционных средств массовой информации, так и из конвергентных редакций разработали программное обеспечение, методы и мышление, чтобы продлить следственные репортажи в цифровую эпоху [2].

### **Материалы и методы исследования**

Научно-методологическую основу исследования составили отечественные и зарубежные труды по исследовательской журналистике. В целях рассмотрения имеющегося научного опыта по теме исследования были применены метод анализа, исторический, сравнительный методы, изучены наукометрические базы, научная литература. Для более детального изучения проблемы журналистских расследований в средствах массовой коммуникации были использованы эмпирические методы. Кроме того, мы обращались к элементам контент-анализа, позволяющим выявить качественно-количественные характеристики анализируемых материалов, к методу оценки достоверности результатов.

### **Практическая значимость**

Выработанные в рамках исследования рекомендации могут быть использованы журналистами, СМК, образовательными и общественными организациями в целях совершенствования работы конвергентных редакций, учебного процесса.

### **Обсуждение**

В современном обществе главным ресурсом является информация, именно на основе владения сведениями о самых различных процессах и явлениях можно эффективно и оптимально строить любую деятельность. В мировой практике интернет-технологии положили начало появлению простых в использовании баз данных, которые обеспечили новые возможности для журналистов. Им становятся доступны цифровые ресурсы, где они могут найти данные разного тематического направления. Онлайн-опрос Garrison в 2001 году, к примеру, показал, что интернет-технологии, такие, как поисковые системы и службы баз данных, проникли в редакции США, показав, что интернет становится доминирующим источником сбора новостей с конца 1990-х годов.

Одним из шагов к созданию условий для перехода к информационному обществу в нашей стране стала государственная программа «Информационный Казахстан-2020», утвержденная в 2013 году. В качестве фундамента для цифровой трансформации экономики страны данная программа способствовала развитию следующих факторов: перехода к информационному обществу, совершенствованию государственного управления, созданию институтов «открытого и мобильного правительства», росту доступности информационной инфраструктуры не только для корпоративных структур, но и для граждан страны [3].

Для повышения качества услуг, предоставляемых населению и бизнесу, проведена большая работа по улучшению деятельности НАО «Государственной корпорации «Правительства для граждан», реализованы механизмы диалога и обратной связи государства с населением и бизнесом посредством интернет-ресурсов государственных органов, виртуальных приемных, интернет-конференций [3].

На веб-портале электронного правительства была создана площадка «открытого правительства». В целях содействия выражению активной гражданской позиции и построения обратной связи от населения планировалось, что будут реализованы мероприятия по дальнейшему развитию принципов «открытого правительства» и «открытого парламента». Соответственно, будут разработаны «открытые бюджеты» - механизм общественного контроля за расходованием бюджетных средств; «открытые НПА» - опубликованные проекты нормативных правовых актов и концепций законопроектов для дальнейших публичных обсуждений; «открытые данные» - данные в публичном доступе для коммерческого использования, не относящиеся к государственным секретам, персональным данным и другим, указанным в законах Республики Казахстан [4].

Стремительное развитие ИТ в глобальных масштабах диктует свои правила и требует адекватной и своевременной реакции. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на совещании по вопросам реализации программы «Цифровой Казахстан» напомнил о необходимости создания единой системы мониторинга, объединяющей все государственные органы. «Применение технологий big data, алгоритмов искусственного интеллекта позволит создавать базы данных с более высоким уровнем достоверности, выявлять некорректные или устаревшие сведения, выводить из разрозненных сведений целостную и объективную картину. Поэтому правительству следует завершить подключение всех государственных органов и запуск Smart Data Ukimet в кратчайшие сроки», – подчеркнул К. Токаев. Также он отметил, что в эпоху информационного бума цифровые государственные услуги должны быть интуитивно понятны и доступны даже для неподготовленного пользователя [5].

Реализация программы «Цифровой Казахстан» дала толчок развитию баз данных. Они становятся все более популярными, и все чаще журналисты-расследователи предпочитают работу с открытыми digital-источниками, чем с традиционными. Big data в переводе с английского «Большие данные» - это термин, использующийся для описания колоссальных объемов данных, которые невозможно эффективно обработать с использованием традиционных методов, то есть с ними не справится ни обычный человек, ни простой пользовательский компьютер. Для обработки больших данных применяют специальные технологии и программное обеспечение. При этом огромные объемы информации можно использовать для решения задач, требующих высокой точности прогнозов, поиска обоснований для тех или иных решений, персонализации сервисов и так далее [6].

Big data применяется в социальных медиа и интернете. Компании, работающие в области социальных медиа, стали использовать большие данные для анализа поведения пользователей, персонализации контента и улучшения рекламных

кампаний. Онлайн-платформы, у которых миллионы подписчиков, анализируют предпочтения своих клиентов, в частности, какие фильмы и сериалы они больше всего смотрят, а какие игнорируют, бросают смотреть или перематывают. Это обеспечивает понимание психологии целевой аудитории и позволяет грамотно рекомендовать им новый контент.

Примерами успешного применения digital-источников в области расследовательской журналистики в Казахстане является использование открытых данных таких сайтов, как Государственные закупки РК – [goszakup.gov.kz](http://goszakup.gov.kz), Реестр государственного имущества – [e-qazyna.kz](http://e-qazyna.kz), мобильное приложение Электронного правительства для граждан – eGov mobile, База открытых нормативно-правовых актов – [legalacts.egov.kz](http://legalacts.egov.kz) [7]. Журналисты, открывая портал «Открытые данные», могут находить, загружать, использовать материалы из информационной базы, пополняющейся государственными органами на постоянной основе, проводить всесторонний анализ и исследования. К примеру, на портале можно ознакомиться с данными Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК, где приводятся статистические сведения о зарегистрированных коррупционных преступлениях; о лицах, их совершивших; об осужденных за коррупционные преступления; о субъектах коррупционных правонарушений и не только [8].

Казахстанским журналистам-расследователям в поиске юридической и финансовой информации также помогает Единая база открытых данных при поддержке «Internews». Это платформа, созданная для журналистов и блогеров, всех, кто занимается фактчекингом, расследованиями и пишет о госзакупках. В этом контексте неправительственные организации могут содействовать проведению сложных исследовательских проектов, несмотря на ограниченные бюджеты отдельных редакций.

При сборе информации для журналистского расследования сегодня средства массовой коммуникации активно используют новые технологии. Поэтому можно с уверенностью утверждать, что big data - уже широко используемая форма получения необходимой информации. Следует отметить, что сетевое издание «Orda.kz», Telegram-канал «ProTenge», YouTube канал «Гиперборей» и другие онлайн-ресурсы постоянно расширяют охват использования big data на местном и региональном уровнях. Цифровые технологии предоставляют журналистам новые возможности, предлагая разнообразные способы сотрудничества и обмена информацией, а также позволяют эффективно анализировать большие объемы данных.

В сравнении с обычными новостными материалами журналистские расследования обычно требуют больших временных и финансовых затрат. До цифровизации журналисты-расследователи, чтобы изучить проблему, ради получения подтверждающих документов и беседы со свидетелем, выезжали в регионы и встречались с заинтересованными людьми. Подобный ход был опасен: с журналистом мог произойти несчастный случай, он мог попасть в аварию или быть сбитым машиной.



Некоторые истории исчезновений и загадочных смертей, произошедших в эти годы, приводит Пит Баумгартнер, автор «Радио Азаттык», в материале «Темные страницы истории долгого правления Назарбаева». Приводим не-сколько из них. «Известного независимого журналиста Нури Муфтахы сбили, к примеру, на трассе в 2002 году, когда он вышел из автобуса, следовавшего из Тараза в Алматы, во время его остановки. В центре Алматы в июле 2004 года нашли без сознания с переломом черепа Асхата Шарипжанова. Через несколько дней он скончался. До этого Шарипжанов записал интервью с лидерами оп-позиции Алтынбеком Сарсенбайулы и Заманбеком Нуркадиловым в рамках своего расследовательского материала. Материал, который был близок к за-вершению, исчез, как и интервью с двумя оппозиционерами, которых не стало через несколько месяцев после смерти Шарипжанова. Главного редактора газеты «Талап» Юрия Баева в 2004 году насмерть сбила машина в городе Уральске на западе Казахстана. Он писал статьи о скандале со взятками за доступ к нефтедобыче, известном как «Казахгейт». Исследователь темы коррупции, кор-респондент еженедельной газеты «Закон и правосудие» Оралгайша Омаршано-ва (творческий псевдоним - Оралгайша Жабатгай-кызы) пропала без вести в конце марта 2007 года» [9].

В результате стремительного развития информация стала самым главным ресурсом государственного управления. Возник даже новый термин – информационное государство. Информационное общество направлено на достижение высокого уровня благосостояния народа за счет развитой и доступной инновационной инфраструктуры информационных технологий. Цифровые технологии дали журналистам новые возможности, предлагая разнообразные способы со-трудничества и обмена информацией, а также позволяют эффективно анализи-ровать большие объемы данных. Стоит учесть, что новые технологии и практи-ка сбора новостей для расследования полностью заменяют традиционные мето-ды и делают расследования исключительно привязанными к рабочему столу; как бы то ни было, новые подходы, безусловно, расширяют доступ к различ-ным уникальным источникам в онлайн формате. В этом отношении меняется и наказание журналистов. Они не погибают от случайных аварий, их автомобили поджигают, а их самих ждут онлайн-преследования и кибератаки.

Журналистам интернет-издания «Orda.kz» под руководством Гульнары Бажкеновой за журналистские расследования и раскрытие коррупционных дел выслали голову свиньи. Неизвестные отправили 5 октября 2023 года в редак-цию «Орды» в городе Алматы отрубленную голову свиньи, в пасть которой была вложена разорванная фотография Бажкеновой. Этот инцидент является последним в череде угроз, онлайн-преследований и кибератак на Бажкенову, ее семью и «Орду», последовавшим после публикации изданием расследования о предполагаемых лоббистских действиях со стороны одной компании [10].

Одно из расследований интернет-издания касалось программы, известной под формулировкой «государственная информационная политика», по которой госорганы на законодательном уровне выделяют целевые субсидии определённым СМИ из бюджета и через портал госзакупок. Журналисты «Orda.kz», ко-гда в

их руках оказался документ Высшей аудиторской палаты, провели рас-следование, насколько эффективно расходуются средства, выделяемые на госу-дарственную информационную политику, согласно которому представители холдинга «Хабар» заключали многомиллионные контракты с фирмами родных братьев и снимали фильмы, которые не соответствовали синопсису [11].

В первую очередь журналисты выявили и предали огласке, что «на госу-дарственную информационную политику ежегодно тратятся миллиарды, но насколько эффективно они расходуются, информация засекречена. «Распреде-ление госзадания происходит без конкурсных процедур. С 2019 по 2021 годы на исполнение государственной информационной политики выделили порядка 153 млрд тенге. При этом 12 млрд из них были израсходованы неэффективно. К такому выводу пришёл Счётный комитет РК (Высшая аудиторская палата). Примечательно, что отчёт аудиторов был засекречен и находился под грифом «для служебного пользования» [11].

В 2022 году интернет-издание «Orda.kz» в национальной компании «Қазақстан темір жолы» проводит расследование по результатам конкурса гос-ударственных закупок. А именно, используя big data и открытые источники сайта государственных закупок РК, журналисты выяснили, что младшая дочь экс-президента Казахстана с 2014 года получала прибыль от продажи каждого онлайн-билета. Контракт заключили сроком на девять лет до 31 декабря 2023 года. За это время ТОО «Инстант Пейментс» должно было получить от АО «Пассажирские перевозки» 5,7 млрд тенге за продажу электронных билетов через автоматизированную фискализированную компьютерную систему (ФКС) Mobius. Кроме этого, предприятие Алии Назарбаевой также зарабатывало на компаниях-агрегаторах [13].

После событий Кровавого января в КТЖ решили расторгнуть договор с ТОО «Инстант Пейментс», а для этого им нужен был новый поставщик. В нача-ле августа 2022 года АО «Пассажирские перевозки» объявило о тендере. (...) В итоге победителем госзакупки оказалось предприятие, аффилированное с младшей дочкой Назарбаева - ТОО «Sanaly systems». Однако конкурсная ко-миссия в «Қазақстан темір жолы» отменила результаты тендера [13]. Руковод-ство компании-победителя не согласилось с таким решением и пыталось нада-вить на нацкомпанию через фонд «Самрук-Казына», но у них ничего не вышло. В итоге КТЖ снова остался без нового поставщика, но с контрактом с ТОО «Инстант Пейментс». В марте Алиа Назарбаева вышла из состава учредителей организации, оставив ее на своего старого партнера [13].

Журналист Вадим Борейко сообщил в своем Telegram-канале, что в ночь на понедельник неизвестные взорвали две машины его оператора. «20 февраля ночью у моего оператора около дома взорвали две его машины», - написал В. Борейко, опубликовав видео с места происшествия, на котором снимающий утверждает, что взорвались сразу две машины одновременно. Отметим, что ни ДЧС, ни полиция Алматы пока никак не прокомментировали это происшествие. Ранее неизвестные пытались заблокировать дверь квартиры журналиста и, воз-можно, поджечь. Он связывает это со своей профессиональной деятельностью, а последние атаки на журналистов – взаимосвязанными [14].

После инцидента Президент К. Токаев поручил правоохранительным органам провести тщательное расследование серии преступлений, направленных против журналистов. Он заявил, что должны быть выявлены не только исполнители, но и заказчики этих противоправных деяний, целью которых является нанесение ущерба общественной безопасности и репутации государства [14].

Журналисты телеграм-канала «ProTenge» также заявили о кибератаках на их социальные сети. «Доступ к странице «ProTenge» в Инстаграм был ограничен в пятницу вечером, 8 декабря 2023 года, аккурат к концу рабочего дня. Это случилось после хорошо спланированной атаки на наш аккаунт», – говорится в заявлении в Telegram-канале «ProTenge» [15]. Джамиля Маричева отмечает, что это попытка цензурировать их публикации. Команда собирается восстановить доступ к аккаунтам и выяснить, кто стоит за этими атаками. «За последний месяц было несколько попыток повлиять на ряд вышедших у нас публикаций. Но мы не удаляем посты, которые вышли и не отзываем запросы, которые уже направили. И, судя по всему, атака на канал – это реакция на наш отказ к «диа-логу». Старая добрая рабочая схема – в попытках «выключить» неудобную журналистику», – говорится в заявлении [15].

В Instagram-аккаунте Д. Маричевой и ее команды «ProTenge» публикуются результаты расследований по тендерам и госзакупкам. В своих расследованиях журналисты «ProTenge» также активно используют большие данные. Так, основатель «ProTenge» Джамиля Маричева отмечает, что data-журналистика – занятие для самых терпеливых, усидчивых и внимательных. Иногда, чтобы найти тему для расследования, надо перелопатить сотни, тысячи документов [4]. Джамиля Маричева – лауреат премии Союза журналистов Казахстана 2023 года за журналистские расследования в сфере государственных закупок. В проекте «Диалоги» редактор «ProTenge» Джамиля Маричева подробно рассказывает о создании исследовательского проекта, посвященного тому, как государство расходует деньги казахстанских налогоплательщиков [16].

## Выводы

Подводя итоги, следует отметить, что практика сбора новостей для расследования полностью заменяет традиционные методы. Журналисты проводят расследования, активно используя интернет-технологии, большие данные, открытые источники и вскрывают коррупционные дела, помогают людям, но благодарность и награда приходят не всегда и не сразу. В этом отношении меняется и наказание журналистов. Они не погибают от случайных аварий, их автомобили поджигают, а их самих ждут онлайн-преследования и кибератаки.

## Вклад авторов

Шукуева М.Н. – осуществляла сбор отечественных и зарубежных трудов по исследовательской журналистике, обработку научно-методологической основы исследования, подготавливала статью.

Есдаулетов А.О. – осуществлял корректуру и редактуру материала, давал рекомендации по подготовке статьи, которые могут быть использованы журналистами, СМК, образовательными и общественными организациями в целях усовершенствования работы конвергентных редакций, учебного процесса.

### Список литературы

1. Ворошилов В.В. Журналистика. Учебник. 3-е изд. - СПб.: Михайлова В.А., 2001. – 447 с.
2. Ким М.Н. Технология создания журналистского произведения. - СПб.: Михайлова В.А., 2001. – 320 с.
3. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020». Указ Президента РК утвержден 8 января 2013 года [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (дата обращения: 17.10.2023).
4. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020» // egov.kz - Последнее изменение: 06.10.2021 [Электронный ресурс]. URL: [https://egov.kz/cms/ru/articles/gp\\_inf\\_kaz\\_2020](https://egov.kz/cms/ru/articles/gp_inf_kaz_2020) (дата обращения: 27.11.2023).
5. Касым-Жомарт Токаев поручил правительству Казахстана в кратчайшие сроки запустить Smart Data Ukimet [Электронный ресурс]. URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/kasym-zhomart-tokaev-poruchil-pravitelstvu-kazahstana-v-kratchajshie-sroki-zapustit-smart-data-ukimet> (дата обращения: 11.12.2023).
6. Хвостов А. Что такое Big Data: как собирают и где применяют большие данные? [Электронный ресурс]. URL: <https://lenta.ru/articles/2023/11/27/chto-takoe-big-data/> (дата обращения: 10.12.2023).
7. Шабалдина А. ProTenge.kz Джамили Маричевой: как делать дата-журналистику в Instagram [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.internews.kz/2020/04/protenge-kz-dzhamili-marichevoj-kak-delat-data-zhurnalistiku-v-instagram/> (дата обращения: 16.10.2023).
8. Портал egov.kz. Портал «Открытые данные» [Электронный ресурс]. URL: <https://data.egov.kz/datasets/listbycategory?categoryId=AXBYBzt4GpHoG9G1U8bl> (дата обращения: 10.11.2023).
9. Баумгартнер П. Темные страницы истории долгого правления Назарбаева [Электронный ресурс]. URL: <https://rus.azattyq.org/a/dark-events-of-nazarbaev-s-long-reign/29844583.html> (дата обращения: 12.11.2023).
10. Казахстанское издание «Орда», его сотрудники месяцами подвергались угрозам, онлайн-преследованиям, кибератакам [Электронный ресурс]. URL: <https://cpj.org/ru/2022/10/> (дата обращения: 22.10.2023).
11. Сіләм А. 40млн тенге за вощваление Назарбаева: начто АО «Хабар» тратит государственные деньги [Электронный ресурс]. URL: <https://orda.kz/40-mln-tenge-za-voshvalenie-nazarbaeva-nachto-ao-habar-tratit-gosudarstvennyye-dengi-381230/> (дата обращения: 12.01.2024).
12. Горбоконеко М. Победа Orda.kz: в КТЖ не будут использовать компани-прокладки для продажи билетов [Электронный ресурс]. URL: <https://orda.kz/pobeda-orda-kz-v-ktzh-ne-budut-ispolzovat-kompanii-prokladki-dlya-prodazhi-biletov/> (дата обращения: 15.10.2023).
13. Маричева Д. В области Абай планируют потратить 20 млн тенге на книги про Токаева, которые еще не написаны [Электронный ресурс]. URL: <https://web.telegram.org/k/#@protenge> (дата обращения: 27.11.2023).
14. Гумыркина И. Неизвестные взорвали две машины оператора Вадима Бо-рейко [Электронный ресурс]. URL: <https://vlast.kz/novosti/53983-neizvestnyye-vzorvali-dve-masiny-operatora-vadima-borejko.html> (дата обращения: 10.12.2023).

15. Ежедневная газета «Ак Жайык». Журналисты ProTenge заявили об атаках на их социальные сети. [Электронный ресурс]. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/96572> (дата обращения: 15.12.2023).

16. Троценко П. Когда контора президента тратит больше целого города, или О серьезной журналистике в Instagram'e [Электронный ресурс]. URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-almaty-dialogi-jamilya-maricheva-interview/31263200.html> (дата обращения: 25.11.2023).

## References

1. Voroshilov V.V. *Journalistika [Journalism] Textbook*. 3rd ed. (Mikhailova V.A., Saint Petersburg, 2001, 447 p.) [in Russian]

2. Kim M. N. *Technologija sozdaniya jurnalisticheskogo proizvedeniya [Technology of creating a journalistic work]* (Mikhailova V.A., Saint Petersburg, 2001, 320 p.). [in Russian]

3. Gosudarstvennaja programma «Informacionnyj Kazahstan – 2020». Ukaz Pre-zidenta RK utverzhdjen 8 janvarja 2013 goda [The state program "Information Kazakhstan 2020". The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan was approved on January 8, 2013]. [Electronic resource]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (Accessed: 10.15.2023).

4. State program «Information Kazakhstan – 2020» // egov.kz - Last modified: 10.06.2021 [Gosudarstvennaja programma «Informacionnyj Kazahstan – 2020» // egov.kz - Poslednee izmenenie: 06.10.2021] [Electronic resource]. Available at: [https://egov.kz/cms/ru/articles/gp\\_inf\\_kaz\\_2020](https://egov.kz/cms/ru/articles/gp_inf_kaz_2020) (Accessed: 10.27.2023).

5. Kasym-Jomart Tokayev poruchil pravitelstvu Kazakstana v krachayshie sroki zapustit Smart Data Ukimet [Kassym-Jomart Tokayev instructed the government of Kazakhstan to launch Smart Data Ukimet as soon as possible] [Electronic resource]. Available at: <https://inbusiness.kz/ru/last/kasym-zhomart-tokayev-poruchil-pravitelstvu-kazahstana-v-krachajshie-sroki-zapustit-smart-data-ukimet> (Accessed: 12.11.2023). [in Russian]

6. Khvostov A. Chto takoe Big Data: kak sobirayut i gde primimayut bolshie dannie? [What is Big Data: how is big data collected and where is it used?] [Electronic resource]. Available at: <https://lenta.ru/articles/2023.11.27/chto-takoe-big-data/> (Accessed: 12.10.2023). [in Russian]

7. Shabdina A. Protenge.kz Jamily Maricheva: kak delat data-jurnalistiku v Instagram [ProTenge.kz Dzhamily Marichevoj: kak delat' data-zhurnalistiku v Instagram]. [Electronic resource]. Available at: <https://ru.internews.kz/2020/04/protenge-kz-dzhamili-marichevoj-kak-delat-data-zhurnalistiku-v-instagram/> (Accessed: 10.16.2023). [in Russian]

8. Portal egov.kz. Portal «Otkrytyje dannie» [The Portal egov.kz. The Open Data Portal]. [Electronic resource]. Available at: <https://data.egov.kz/datasets/listbycategory?categoryId=AXBYBzt4GpHoG9G1U8bl> (Accessed: 11.10.2023). [in Russian]

9. Baumgartner P. Temnyije stranici istorii dolgogo pravlenija Nazarbaeva [Dark pages of the history of Nazarbayev's long reign]. [Electronic resource]. Available at: <https://rus.azattyq.org/a/dark-events-of-nazarbaev-s-long-reign/29844583.html> (Accessed: 11.12.2023). [in Russian]

10. Kazakhstanskoe izdanie «Orda», ego sotrudniki mesijacami podvergalis' ugrozam, onlain-presledovaniyam, kiberatakam [The Kazakh publication «Orda», its employees were subjected to threats, online harassment, and cyber attacks for months]. [Electronic resource]. Available at: <https://cpj.org/ru/2022/10/> (Accessed: 10.22.2023). [in Russian]

11. Silam A. 40 mln tenge za voshlavljenie Nazarbaeva: na chto AO «Habar» tratit gosudarstvennye dengi [40 million tenge for praising Nazarbayev: what does Khabar JSC spend public money on]

[Electronic resource]. Available at: <https://orda.kz/40-mln-tenge-za-voshvalenie-nazarbaeva-nachto-ao-habar-tratit-gosudarstvennye-dengi-381230/> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]

12. Gorbokonenko M. Pobeda Orda.kz: KTZH ne budut izpolzovat kompanii prokladki dlya prodazhi biletov [Pobeda Orda.kz: KTZ companies will not use gas-kets to sell tickets] [Electronic resource]. Available at: <https://orda.kz/pobeda-orda-kz-v-ktzh-ne-budut-ispolzovat-kompanii-prokladki-dlya-prodazhi-biletov/> (Accessed: 10.15.2023). [in Russian]

13. Maricheva D. V oblasti Abai planiruyut potratit' 20 mln tenge na knigi pro Tokaeva, kotorye eshche ne napisany [In the Abai region they plan to spend 20 million tenge on books about Tokayev that have not yet been written] [Electronic resource]. Available at: <https://web.telegram.org/k/#@protenge> (Accessed: 11.27.2023). [in Russian]

14. Gumyrkina I. Neizvestnye vzorvali dve mashiny operatora Vadima Boreiko [Unknown persons blew up two cars of operator Vadim Boreiko] [Electronic resource]. Available at: <https://vlast.kz/novosti/53983-neizvestnye-vzorvali-dve-masiny-operatora-vadima-borejko.html> (Accessed: 12.10.2023). [in Russian]

15. Ezhenedelnaia gazeta «Ak Zhaiyk» [«Ak Zhaiyk» weekly newspaper], Journalisty ProTenge zayavili ob atakah na ih socialnyie seti [ProTenge journalists reported attacks on their social networks.] [Electronic resource]. Available at: <https://azh.kz/ru/news/view/96572> (Accessed: 12.15.2023). [in Russian]

16. Trotsenko P. Kogda kontora prezidenta tratit bol'she tselogo goroda, ili O ser'eznoi jurnalistike v Instagram'e [When the president's office spends more than the whole city, or About serious journalism on Instagram] [Electronic resource]. Available at: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-almaty-dialogi-jamilya-maricheva-interview/31263200.html> (Accessed: 11.25.2023). [in Russian]

**М.Н. Шукуева, А.О. Есдаулетов**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

### **Интернет-технологиялар және деректер базасы: ҚР БАҚ-ындағы журналистік зерттеулердің жаңа мүмкіндіктері**

**Аңдатпа.** Мақалада зерттеуші журналистер қолданатын ақпарат көздері мен ақпараттарды жинау мен тексерудің жаңа тәсілдері қарастырылады. Зерттеудің негізгі объектісі ақпараттық-талдау порталы болып табылады «Orda.kz» және «ProTenge» электрондық медиа. Олардың қызметін талдау зерттеуші журналистердің ақпарат алу кезіндегі қиындықтарды қалай жеңетінін түсінуге көмектеседі.

Ақпараттық технологиялар және басқа да digital-ресурстар онлайн-дереккөздерге дейінгі сатыларды және оларды журналистік зерттеу үшін талдауды қамтамасыз етеді. Егер бұрын материалды дайындау үшін айлар, тіпті жылдар қажет болса, бүгінде ақпаратты цифрландырудың арқасында резонанстық істі бірнеше күнде аяқтауға болады. Журналистер ауқымды деректерді талдауға мүмкіндік беретін жаңа құралдармен жабдықталған.

Мақаланың қорытынды нәтижелері зерттеуші журналистер пайдаланатын ақпаратты цифрландыруға және өңдеуге қол жеткізу олардың жұмысын бірнеше есе жеңілдететінін және сыбайлас жемқорлық, резонанстық істерді ашуға көмектесетінін растайды. Зерттеудің қорытындылары big data-ны бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану журналистік зерттеуді жеделдетуге көмектесетінін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** зерттеу журналистикасы, big data, ақпаратты цифрландыру, медиатекст, digital тергеу.

**M. Shukuyeva, A. Yesdauletov**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**Internet technologies and databases: new opportunities for investigative journalism  
in the mass media of the Republic of Kazakhstan**

**Abstract.** The article discusses new ways of collecting and verifying sources and information used by investigative journalists. The main object of the research is the information and analytical portal «Orda.kz» and the electronic media «ProTen-ge». An analysis of their activities helps to understand how investigative journalists use large amounts of data to obtain information.

Information technology and other digital resources provide journalists with access to online sources and their analysis for investigative journalism. Thanks to digitization, high-profile cases can now be completed in a matter of days instead of months or even years. Journalists are equipped with the latest tools that allow them to analyze big data.

The final results of the article confirm that digitalization and access to obtaining and processing information used by investigative journalists make their work much easier and help them solve serious corruption and high-profile cases. The findings of the study show that the use of big data in mass communication helps to accelerate the processes of disclosure of investigative journalism.

**Keywords:** investigative journalism, big data, digitization of information, media text, digital investigations.

Сведения об авторах:

**Шукуюева М.Н.** – докторант 3 курса специальности «8D03204 - Журналистика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Есдаулетов А.О.** – к.ф.н., доцент факультета журналистики и политологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Shukueva M.N.** – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Yesdauletov A.O.** – Candidate of philological Sciences, Associate Professor, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 19.41.07  
Ғылыми мақала

<https://orcid.org/0000-0002-5408-4698>

<https://orcid.org/0000-0002-6350-7138>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-146-1-144-156>

## Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының публицистикалық құндылығы

Г.А. Шауенова, А.К. Умбетова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [gulzabira\\_72@mail.ru](mailto:gulzabira_72@mail.ru), [talgat\\_alma@bk.ru](mailto:talgat_alma@bk.ru))

**Аңдатпа.** Бүгінгі ұлттық құндылықтарды жаңғырту кезеңінде Абай шәкірттерінің көсемсөз мұраларына жаңаша көзқараспен қарауы – өзекті мәселелердің бірі. Абай Құнанбайұлының алдын көріп, тікелей тәлім-тәрбиесін алған шәкірттері өздері ғұмыр кешкен кезеңдегі тарихи, саяси, қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттарға көсемсөздері арқылы баға беріп, танымдық рөл атқарды. Мақалада Абай мұрасының шәкірттеріне айрықша әсер-ықпал еткені, соның нәтижесінде олардың шығармашылығының қалыптасуы, көсемсөздері талданып, қоғам үшін құндылығы қарастырылады.

Қазақ публицистикасының зерттелу мәселесіне ден қойылып, қазақ баспасөзіндегі Абай мұрасынан бастау алған шәкірттерінің әдеби және публицистік туындылары талданады. Абай шәкірттерінің шығармаларындағы халықтық мәселелер тәуелсіздік тұрғысынан сараланып, талдаулар мен тұжырымдар беріледі. Публицистикалық мұралардағы аса өткір мәселелер (оқу-білім, ағарту, отырықшылық, дін, тіл, т.б.) алынып, тәуелсіз көзқарас тұрғысынан қайта қарастырылады. Хакімнің төңірегіндегі ақындардың көсемсөз шығармаларын талдай отырып, оқу-ағарту публицистикасы; діни-ағарту публицистикасы; жер туралы публицистика, көркем публицистика; философиялық публицистика; заман келбетін айқындаған публицистика, т.б. деп жүйелеу ұсынылады.

Абай Құнанбайұлы мұрасын дәстүр ретінде қабылдап, сабақтастық пен жалғастық тұрғысынан және ақын идеясын жаңа уақыт аясында жаңашылдықпен қарастыруға тырысқан Шәкәрім Құдайбердіұлының туындылары талданады.

**Түйін сөздер:** көсемсөз, ақын шәкірттері, мұра, қазақ поэзиясы, ұлттық публицистика.



## Кіріспе

А. Байтұрсынов «көсемсөз» деп атаған публицистика – әдебиетпен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті өткір мәселелерін қозғайтын ірі саласы [1, 10]. Қоғамның келелі мәселелерін көтеретін сөз өнерінің бір түрі.

Кешегі кеңес заманында публицистика әдебиеттің жанры ретінде қарастырылды. Халық коммунистік партияның қатал идеологиясымен жүрді, не айтса, соны істеді. Баспа беттерінде «жүз қойдан жүз елу қозы алу», «жоспарды асыра орындау» сияқты жалаң ұрандар белең алды. Публицистиканың қадірі қалмады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің сан-саласын қамтыған өткір публицистика Алаш қайраткерлері кезінде ғана болған еді. Қазіргі біздің мақсатымыз сол кездегі публицистиканың құндылығын қайта қалпына келтіру болып табылады. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көсемсөздің ролін жоғары бағалап, нақты баға береді: «Көсемсөз» – шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызбен айтылады. Көсемсөз жазумен айтылады. Көсемсөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да «көсемсөз» деп аталады. Көсемсөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып, істету ыждағатымен айтылады» [2, 258].

Публицистика өмірдің әлеуметтік, мәдени, ғылыми, өндірістік, т.б. құбылыстарын негізгі арқауы етіп алып, уақыт сияқты тарихи-философиялық ұғым тұрғысынан алғанда, бүгінгі мерзім биігінен сол дәуірдің саясатын, философиялық таным, көзқарасын тығыз байланыста, органикалық бірлікте қарастырады. Публицистиканың негізін қалаушылардың бірі, әрі бірегейі – халқымыздың ұлы ақыны, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор Абай Құнанбаевтың (1845-1904) асыл мұрасы бүгінде адамзат мұрасына айналды. Абайды бүкіл әлем таниды. Ұлы ақынның шығармалары әлемнің 30-дан астам тіліне аударылған. Бұл турасында ғалым Сейіт Қасқабасов былай дейді: «Великий казахский поэт, гениальный мыслитель, талантливый композитор Абай – феноменальное явление не только казахской, но и мировой литературы. Просвещённый ум, тревожная ищущая мысль, удивительная цельность взгляда на мир отличали его поэзию, насыщенную философскими раздумьями о думках и чаяниях родного народа, о гуманистической сущности человеческого бытия» [3]. Абай Құнанбайұлының шәкірттері мұрасын публицистикалық қырынан алып қарастыру уақыт талабы екенін, тәуелсіз еліміздің ұлттық рухани мұраға қатысты ұстанымынан туындап отырғанына ден қойған абзал. Публицистика – қоғамның ең өзекті, көкейкесті мәселелерін көтеретін көсемдердің қаруы, көсемсөзші – сөз арқылы әлеуметтік тұрғыда халыққа басшылық жасаушы десек, Абай мен оның шәкірттерінің публицистік бағыттағы қызметін зерделеп, ден қою басты парыз деп білгеніміз жөн. Ендеше, ұлы Абайдан тікелей тәлім алған шәкірттерін көсемсөзші ретінде қарастыра алсақ, өз мақсатымызға жеткеніміз.

## Зерттеу әдісі

Зерттеу барысында тарихи-сараптамалық, тарихи-салыстырмалық, контенттік талдау әдістері қолданылды. Оқу-әдістемелік, танымдық, сипаттау арқылы Абай

шәкірттерінің публицистикаға қосқан үлесіне баға берілді. Мақаланы жазуда кезінде семантикалық және кешенді талдау, өңдеу әдістері де кеңінен пайдаланылды.

### Әдебиеттерге шолу

Қазақ публицистикасы туралы жазылған еңбектер, зерттеулер біршама мол. Солардың кейбірін атүсті шолғанның өзінде-ақ ғалымдар Амандосовтың [1], Х. Бекхожиннің [4], еңбектерімен қатар, біз қарастыруды мақсат етіп отырған мәселені тереңірек зерделеп, зерттеген Қ. Сақтың [5], Б. Жақыптың [6], т.б. зерттеушілердің еңбектерін баса атаған орынды. Қазақ публицистикасының зерттелу мәселесіне келсек, оның бірінші бағытына жалпы журналистиканың құрамдас бөлігі ретінде публицистиканың тарихын, теориясы мен тәжірибесін зерделеу жатады. 1961 жылы М.И. Фетисовтың «Зарождение казахской публицистики» атты еңбегі жарық көрді. Негізгі мақсаты орыстың демократиялық публицистикасы, оның қазақ публицистикасына тигізген ықпалы, ұлттық публицистиканың пайда болуына тигізген ықпалы, орыс журналистикасы мен публицистикасындағы қазақ тақырыбы, сондай-ақ Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев публицистикасының өзіндік ерекшеліктері, т.б. мәселелерді көрсету [7]. М.И. Фетисовтың бұл еңбегі біз зерттеу нысаны етіп отырған мәселені зерделеу негізгі мақсаты болмаса да, Абай шығармаларын аз да болса публицистикалық қырынан саралағанын аңғарамыз.

Мақала жазу барысында абайтанушы Т. Жұртбайдың «Кешегі өткен би Құнанбай... (...қандай еді: тарихи және әдеби тұлға)» [8], А. Ақынбекованың «Абай» журналы және абайтану мәселелері» [9], түркиялық ғалым Е. Петектің «Абай өлеңдерінің қолжазбасын: мәтінтанулық зерттеу» [10] және т.б. зерттеулерге шолу жасалды. Әсіресе жас ғалым Ержан Петектің жоғарыда аталған еңбегінде Абайдың өлеңдерімен бірге ақынның Шәкәрім, Мағауия, Ақылбай секілді ізбасарларының Мүрсейіт Бікеұлы араб қаріпімен хатқа түсірген өлеңдерінің қолжазбасы жаңаша оқылып, оның кирилл әліпбиіндегі транскрипциясы берілген. Қолжазбаның соңғы жағында Абай шәкірттерінің кейбір өлеңдері тұтасымен көрсетілген.

### Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ сахарасының ұлы ойшыл ақыны Абай да, оның төңірегіндегі ақын шәкірттері де қазақ публицистикасының көрнекті үлгілері болды. «Әлеуметтік, шаруашылық, қазыналық, мектептік, соттық, саясаттық, тағысын тағы, сондай қоғамшылық істерін түзету, жаңалау, өзгерту керек болған кезінде халықты соған көсемсөз арқылы ұйытатын, көбінің миына қондырып, көңіліне сіңіреді. Көсемсөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады. Көсемсөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді, теріс басшылық қылса, әлеуметті адастырады. Солай болған соң көсемсөз жазып, әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам боларға керек» [11, 224], – деп,

көсемсөзге алғаш анықтама берген А. Байтұрсынов пікіріне жүгінсек, қарастырып отырған мәселенің қаншалықты өзекті екенін аңғару қиынға соқпасы анық. Осыдан келіп, Абай Құнанбайұлы төңірегіндегі шәкірттерінің мұрасын публицистикалық қырынан зерделесек: а) олардың шығармалары қоғамдағы адамдардың қалың тобына арнап жазылғанын; ә) сол тұстағы қазақ жеріндегі аса ірі қоғамдық-әлеуметтік, саяси, тарихи жағдаяттарды өз уақыты биігінен саралағанын; б) қазақ қоғамындағы әбден пісіп-жетілген, айрықша сұранысқа ие болған жағдайларды зерделегенін көреміз.

Қазақ баспасөзінің даму жолдарын зерттеген ғалым Х. Бекхожин: «Абай өзінің туындыларында оқу-ағарту, философия, педагогика, әдебиет пен өнер, мораль жөнінде және қоғамдық өмірдің проблемалық мәселелері жөнінде сөз қозғады» деген пікірін тереңдете келіп, «Стиль, идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың қара сөздері – нағыз публицистикалық шығарма», – деп тұжырымдама жасаған [4, 20-21]. Біздің бұған қосарымыз – Абай Құнанбайұлы және шәкірттерінің кейбір шығармаларын публицистикалық сарында жазылған өлең деп қарастыруымыз қажет. Абайды ұлылық деңгейіне көтерген туындылары, негізінен лирикалық шығармалары. Уақыт өткен сайын Ұлылық феномені жан-жақты, кешенді зерттеуді қажет ететіндігі белгілі. Сондықтан да, біріншіден, – және бұл ең басты проблема – Абайдың кейбір өлеңдерін публицистикалық сарындағы өлең деп көрсеткеніміз абзал. Мысалы, "Болыс болдым, мінекей", "Сегізаяқ", т.б. өлеңдерінде публицистикалық элементтер бар. Екіншіден, осынау публицистикалық шығармаларды оқу-ағарту публицистикасы; діни-ағарту публицистикасы; жер туралы публицистика, көркем публицистика; философиялық публицистика; заман келбетін айқындаған публицистика, т.б. деп жүйелеп, жіктеген жөн.

М. Әуезовтің пікіріне ден қойсақ, «... бұл уақытқа шейін ақынның айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына құйылған салаларды алып келдік. Бірақ ақындық айналасы Абайдың өзі алған нәрді санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір алуан мәселе – Абайдың өзгеге берген нәрі турасында» дей келіп, «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы – Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері» деп түйіндейді де, Абайдың оларға жетерлік мектебі болғанын, қандай дәрежеде тәлімгер дәрежесіне көтерілгенін зерделейді [12, 19]. Бұл жерде бір жайтты айта кету керек: біріншіден, М. Әуезов жоғарыдағы шағын еңбегін ауызға қақпақ қойылған, ұлттық сана бұғауда ұсталған уақытта жазды, сондықтан да тек нақты төрт шәкірт ақынды ғана атады. Екіншіден, Турағұл, Кәкітай, Әсет, Әріп туралы Әуезов білсе де, жоғарыдағы еңбегінде оларды атамаған, себебі, сыры сол заманның талап, ұстанымынан туындаған дегеніміз дұрыс. Үшіншіден, М. Әуезов тікелей айтпаса да, бүкіл қазақ поэзиясына (Абай дәуірінен бастап, осы уақытқа дейін) ұлы ақын шығармашылығын терең зерттеу арқылы Абайдың әсер-ықпалын автор аңғартып кеткен деген тұжырым жасау керек.

Жоғарыдағы шәкірттері ішінде ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор, Абайдың інісі Шаһкерім Құдайбердіұлының орны ерекше екені дау тудырмаса керек. Айтып кеткеніміздей, «Абайдың қара сөздері – нағыз публицистикалық

шығарма» деген пікірге [4, 21] ден қойсақ, Абайдың жиырма төртінші қара сөзінде: «Осы күнде жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллион қазақ бар. Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрттануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді-біріміз аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанмыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қылып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? Әй, не болсын! Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?» деген қынжылысқа толы жолдар бар [13, 118].

Әрине, бұл жерде Абай публицистикасы ғасырлар бойы рухы асқақ, намысты халық болып қалыптасқан ұлтының өзгеге бодан болған соң қандай кіріптар халге түскенін бажайлап отыр деу орынды. Біздің айтпағымыз: ұлы ақынның қара сөзбен жазылған осынау публицистикалық дүниесі автордың жасы ұлғайған кезінде жазылған, демек, дүниенің төрт құбылысында боп жатқан жағдайларды автордың ақыл таразысы мен жүрек сүзгісінен өткізгені мәлім. Және Абайдың бүкіл публицистикасына, яғни өлеңмен жазылған көсемсөзіне осынау жоғарыдағы түйін-тұжырымы негізгі өзек болып тұрғанын баса айтуымыз керек.

Абайдың дара да дана шәкірті Шаһкерім де: «Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті-керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп, «алдыңда өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім» деп басталатын жолдарынан соң: «Адам өмірін қалай түзетуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? Ойлы, саналы адамдардың ғасырлар бойы миын тыншытпай, өмірін сарп еткен, әлі де сан адамдардың арын қозғап, ойларын тыншытпайтын осы сұрақтар» деп келетін философиялық публицистикасы бар [14, 540].

Шаһкерімнің бұл еңбегі де, автордың өзі көрсеткендей, жетпіс екі жасында, яғни ұлғайған кезінде жазылған, екіншіден, Абай мен Шаһкерім публицистикалық еңбегінің үндестігі бірден байқалады, үшіншіден, Абай жазған еңбек сияқты. Бұл жайында К. Khamzina, А. Shurentayev, В. Omarov, К. Saq сынды авторлармен бірлесе жазылып, Scopus мәліметтер базасындағы халықаралық басылымда жарияланған «Forming the view of the disciples of Abai in labor and Publications» мақалада толық талданып, «Шаһкерімнің бұл дүниесі де оның сол кезеңге дейін қаламынан туған шығармаларына өз тарапынан берілген сияқты және бүкіл поэзиясының, басқа да жанрдағы еңбектерінің өз бастау көзін осынау идея, тұжырымдардан алғанын аңғартады. Демек, Шаһкерім ұлы ұстазы Абайдың мұрасына ыждаһаттықпен ден қойып, үн қосып қана қоймай, негізгі идеяны одан әрі жалғастырғанын байқау қиын емес» [15, 155], – деген пікірге ден қойған болатынбыз.

Автордың пайымдауынша, біреулер адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі десе, біреулер үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе түзеледі дейді, ал біреулер

оқу-біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі дейді. Біреулер бай, кедейді теңеумен түзеледі десе, біреулер тәрбиемен түзетуге болады дейді екен. Шаһкерім бұлардың ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды деп қорытынды жасайды. Жоғарыдағы айтылғандардың бәріне өз ой-пікірін білдіреді де, «... адам өмірін түзетуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» деп түйіндейді [14, 541]. Шаһкерімнің өзі ұсынған осы тұжырымына қажет нәрсе – оқу-білім, ғылым.

Абайдың жас буын өкілдеріне арнаған шығармаларында оқу-білім, ғылым көркем мінез, толық адам, халқына қызмет ету, түзу жолға бастау ұлағаты кешенді түрде қамтылған. Ақын бойындағы осынау ірі толғамдарды барынша түйсінген Шаһкерім «Жастарға» атты өлеңінде былайша толғанады:

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!  
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!  
Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан,  
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!  
Білімді сол кісіден ізденелік!  
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.  
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,  
Ақылыңды аяма бізге» делік [16, 31].

Шаһкерім Абай бейнесіне, Абай даналығына үнемі соғып отырады.

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.  
Амалы жоқ, айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық [16, 33].

Шаһкерім өз туындыларында ұлы Абайдың таланты мен ұлағатына табынып, оның бейнесін сомдауды мақсат тұтқан деуге болмайды. Шаһкерім өзін толғантқан сан алуан сауалдарға жауапты Абай шығармаларынан тапқан, ұлы тұлғаның ғибраты мен мұраларына жүгінген. Сондықтан да оның

... Ақыл, білім, осындай ар жақтарлық,  
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық!  
Үзіп-жұлып ұятсыз атанбай-ақ,  
Ақылмен жол табалық ел бастарлық!...

Бұл елде түк ақыл жоқ, жарасарлық,  
Рахым ғып, бір-біріне қарасарлық.  
Өз Абайын өздері ұнатпайды,  
Шын надан осылар ғой біз қашарлық... [16, 33].

Шаһкерім ұғымында Абай – қазақтың көшбасшысы. Адамзат баласын тығырыққа тіреген сан алуан күрделі сұрақтардың жауабын оқу-білім арқылы ғана емес, болмысына біткен аз даналығы, ойшылдығы, таланты арқасында тапқан. Оқу-білім, ғылым, өнер замана келбетіне ойлылықпен үңіле отырып, дұрыс жолды анықтау, анықтап қана қоймай, соны өзгеге Темірқазық есебінде ұғыну – бәрі бәрі-де Абай шығармаларындағы жастарға артқан үмітімен тығыз байланысты екенін жете түсінген Шаһкерім былайша толғанады.

Тапқан іске таласпай, шын көнелік!  
Жұртқа күлкі болмалық, жөнделелік!  
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,  
Өтірікке өлгенше, шынға өлелік!  
Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,  
Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан.  
Тегін білсең – аласың, бос береді  
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан... [16, 32].

Абай асылын елі неге құштарлана, жапа-тармағай таратып алмаған? Жұрттың баға жетпес, алайда тегін ақылды алмауы себебі неліктен? Неге ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ұлттық менталитеті, ешкімнен кем түспейтін, тіпті көп жұрттан асқақ мәдениеті мен өркениеті, өмір кешу дағдысы бар, күні кешегі әлемге әйгілі Алтын Орданың бүгінгі мұрагері, қара шаңырақ иесі қазақ елі неге бүгін ұсақталып барады? Абайдың оқу-білім, ғылым, даналық, адамгершілік, имандылық жайлы шығармалары көкірек көзі бітеу біреу болмаса, санасы бар жанға аз да болса сәулесін төксе керек еді ғой?! Әрине, төкпеді деуге болмайды, бірақ олар аз ғой... Міне, Шаһкерімді толғандырған жайлар осылар еді. Ол толғанып қана қойған жоқ, қараңғылық тұмшалаған ортадан сәулесі мол жарық дүниеге шығудың жолын іздестірді.

Ендеше, оқу-білім, ғылым, ар-ұят, адамгершілік, имандылық пен инабаттылық – бәрі тұтаса келіп, Абай мақсат еткен толық адам болмысына ұласарын Шаһкерім терең пайымдай алды да, Абай ұлылығын, Абай даналығын, Абай ұлағатын насихаттауға ден қойды, қысқартып айтсақ, өз шығармаларының публицистикалық қырлары арқылы шама-шарқынша Абайды, оның өлмес мұрасын ғаламат кең де ауқымды ақпараттық кеңістікке жаюға барынша еңбек сіңірді. Абайдың аса қуатты әлеуметтік публицистикасындағы:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың.  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың .

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен арақ орған өңкей қыртың –

Өзімдікі дей алмай аз малыңды  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.  
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,  
Бір күн тыртың етеді, бір күн - бұртың.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз кеткен соң енді өз ырқың... [17, 111] –

деп келетін жолдар аса күшті өлең – публицистика. Саяси-әлеуметтік астары аса қуатты. «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» – көп жайтты аңғартып, астыртын емеурін, ишаратпен баяндап тұрған әрі уытты, әрі саяси-әлеуметтік қыры асқақ публицистикалық өлең. Қажет десеңіз, қазақтың төл топырағынан шығып, әлемдік кеңістікке шығар шығарма. Себебі, өз ырқынан айрылған жұрттың қандай кепті кигеніне кәрі тарих куә. Ал ырқыңнан айрылған екенсің, мәнгүрт болуға бет алған жұртыңда еш жол қалмағаны ма? Абай саяси-әлеуметтік уытты публицистикалық шығармасы арқылы нақты жағдайды пайымдай келе, шығар жолды іздеп, басын тауға да соққан, тасқа да соққан.

Шаһкерімнің айрықша толғанып, Абай ілімін әрі қарай жалғастыруға тырысқаны да оның өлең-публицистикасынан, т.б. дүниелерінен көрінеді. Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» шығармасындағы: («Истинен сам Аллах и Его слово» говорит о его незыблемой и глубокой вере во Всевышнего Создателя.)

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөз айырмас...  
... Алла ішіңді айтқызбай біледі, ойла,  
Пендесіне қастықпен кінә қойма.  
Распенен таласпа мүмин болсаң,  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма! [16,93]

– деген жолдар Шаһкерімнің діни-ағарту публицистикасында :

Бұл кездегі діндердің бәрі нашар,  
Ешбірі түзу емес, көңілашар.  
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,  
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.  
Әлемдегі діндердің түп мақсұты  
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:  
Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,  
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар [16, 201-202] –

деген жолдармен сабақтасады. Замана келбеті, Исламдай асыл дін, жалпы, барлық діндердің негізгі ұстанымы екі ұлы ақынның публицистикасында жасампаз, өміршең сипатымен көрініп тұр.

Абайдың жоғарыдағы біз келтірген өлең-публицистикасындағы

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті», –

деген шумақ Шаһкерімдегі

«Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,  
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.  
Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,  
Оны бөліп, дұспандық қару жасар», –

деген шумағымен тек идеялас, бірін-бірі толықтырар үндестігімен ғана ұштасып тұрған жоқ, сонымен бірге, КЕШЕ орын алған жайттардың БҮГІН деген ұғымға ұласып, біріншіден, өз өміршеңдігі мен жасампаздығын, мәні мен маңызын қазіргі таңда да жоғалтпай тұрғанын дәлелдесе, екіншіден, кеше де, әсіресе, қазіргі таңда бүкіл әлем жұртшылығын айрықша алаңдатып отырған жайтқа көрегендікпен болжам жасағанын дәлелдеп тұр.

Қорытынды. Қазақтың қос ұлыперзентінің мұраларында, жоғарыда айтқанымыздай, публицистиканың түрлі қырлары бар, олар бірін-бірі қолдап, қуаттауымен ғана емес, Шаһкерім шығармаларының Абай туындыларын дәстүр ретінде қабылдауымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, Ш. Құдайбердіұлы өз еңбектерінде Абай идеясын жаңа уақыт аясында соны пікірлермен әдіптеп қана қоймайды, сабақтастық пен жалғастық тұрғысынан келгенде кеңіте түседі. Яғни, бұл өлеңмен жазылған қос ақынның публицистикасы әлемдік деңгейдегі ақпарат кеңістігін толтырды деуге болады.

Бұл жерде есте ұстар мәселе мынада: Абай – ұлы тұлға, өнерді жасаушы қайталанбас дара, дана адам ретінде ұлт ауқымында ғана емес, әлемдік деңгейде ренессанс жасаған адам дегенді баса айтуымыз керек. Тек осы анықтама басты назарда үнемі болғанда ғана Абай мен оның шәкірттері қалдырған рухани құндылықтарды кешенді түрде зерттеуге алғышарттар жасамақпыз.

